Бақыт ұғымы философия ғылымының қалыптасуының байырғы дәуірінен бастап оның басты мәселелерінің бірі болып келеді. «Бақыт» адамзаттың мақсаты, ең жоғары игілік, адам болмысының мүмкін және қол жеткізуге болатын хәлі ретінде көне дәуірден бастап философиялық дискурстың негізгі мәселесіне айналды. Сократ пен Платоннан бастап, әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнға дейін, одан кейін де көрнекті философтардың барлығы дерлік бұл тақырыпты айналып өтпеген. Әсіресе, «бақыт» идеясы (eudaimonia) антик мәдени-тарихи типі негізінде қалыптасқан дүниетаным мен мәдениеттің негізгі әмбебап категорияларының бірі болды. Антик дәуірінің философиясында бақыт ұғымын түсіндірудің кейінгі дәуірлерде дамыған негізгі тәсілдері – гедонизм, стоицизм және эвдемонизм қалыптасты. Аристипп қалыптастырған гедонистік тәсіл бақыттың барлық кейінгі теорияларының сын тезіне алған объектісі болды, бұл бағыт бойынша ләззат – бұл тұзақ екенін атап өтті: ләззат жолына түсіп, адам оның құлына айналады. Стоиктер (Эпиктет, Сенека, Марк Аурелий) бақыт мәселесін адамның ішкі жан дүниесімен байланыстырды. Эвдемонизм (Платон, Аристотель) бақыт мәселесін ізгілікке ие болумен байланыстырды. Платонның пікірінше, бақыт адамның жан дүниесінде игілік формасын иемденуі деп қарастырады. Ал Аристотель бақытты әмбебап құштарлық деп қарастырады және этика жөніндегі шығармаларының көп бөлігін бақыт ұғымын анықтауға арнады. Аристотельден үлкен әсер алған келесі бір грек философы Плотин бақытты *Nous қа* (грекше: *ақыл немесе интеллект*) ие болу арқылы игілікке жету деп түсіндіреді. Ол да мұны әмбебап құштарлық деп санайды және тіпті барлық адамдарда бақытқа жету үшін негіз бен потенциал бар деп қарастырады [1, 139-142 б.]. Бақыт мәселесі туралы Түркістан топырағынан шыққан, әл-Фарабидің шығармаларында, көне түрік дәуірінде «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк» жазба ескерткіштерінде, Қарахан дәуірінде Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, қазақ хандығы дәуірінде Асан Қайғы, кейінірек қазақ ойшылдары арасында Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды зиялы қауым өкілдері өз шығармаларында талдап өткен. Әсіресе, бақыт концепциясының мәнін ашу, мазмұнын айқындау және оған жету жолын бағыттау тақырыпқа арқау болған Түркістан топырағынан шыққан, рухы туыс қос ғұлама әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыбтың әлеуметтік-этикалық философиясының негізгі мақсаты болды. Әл-Фараби адамгершілік-саяси идеал ретінде «ізгі қала» ілімін, идеал билеуші ретінде

осы ізгі қаланың билеушісін, ал осы идеалға жету мақсаты ретінде «бақыт» концепциясын қолданды. Жүсіп Баласағұн да бақытты қоғам туралы ілімін, халықты бақытқа жеткізер «әділетті билеуші» образын бейнеледі және бақыт сыйлайтын білім мен білікті ойды игеруді насихаттады.

Қазіргі таңда елімізде, әлемде болып жатқан экономикалық тұрақсыздықтар мен әлеуметтік қиыншылықтарға байланысты халықтың, жеке адамның бақыты, елдің әл-ауқаты мәселелерінің негізінде «Бақыт» концепциясын жаңаша қырынан зерттеу қажеттілігі аңғарылады. Осыған орай, «Бақыт» концепциясы жөнінде терең теориялық және практикалық пікірлер айтып өткен әл-Фараби, Жүсіп Хас Қажыб сияқты ойшылдарының идеялары мен пікірлерін жан-жақты зерттеп, қос ойшылдың халықты бақытқа жеткізетін адамгершілік және басқа ізгі қасиеттердің жиынтығына негізделген ілімдерін мемлекеттік басқару жүйесіне, қоғамдық санаға енгізу еліміздің қоғамдық өмірі үшін нағыз гуманистік сипат беруге ықпал ететіні айқын. Сонымен бірге кейінгі жылдары қазақ зерттеушілері әл-Фарабидің түркілік тамырына үлкен мән беруде. Бұл зерттеулердің бағыты кейінгі түрік философиясының дамуына, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари секілді оның негізгі өкілдерінің философиясына ықпалы мен сабақтастығын айқындаумен де сипатталады. «Құтты білік» шығармасын қазақ тіліне тәржімалаған отандық ғалым Асқар Егеубаев Жүсіп Баласағұнның даналық ойларын шыққан жері бір, рухы туыс әл-Фараби философиясымен табиғи жақындығы әлдеқайда берік, жанды жалғастығы бар дейді. Зерттеушінің пікірінше, әл-Фарабидің қуатты қоғам, бақытты мемлекет туралы даналық ойлары мен Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік-эстетикалық көзқарастарының сабақтастық желісі айқын аңғарылады дейді. Әл-Фараби әлеуметтік трактаттарында ақыл, білім, ғылымның пайдасын, адамның құтбақыты, ізгі билеушінің мінез-құлық пен табиғаты туралы көзқарастарын білдірсе, «Құтты білікте» осынау әлеуметтік мәні терең ой-толғамдар сыр сөзбен, дидактикалық поэзия үлгісімен көркем жырланған дейді [2, 14 б.].

Мақаланың мақсаты әл-Фарабидің «Қайырымды (ізгі) қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатындағы» және оған қосымша «Бақытқа жету жайында», «Бақыт жолын сілтеу» және «Азаматтық саясат» атты шығармалары мен Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы «бақыт» концепциясының мазмұны мен мағынасын анықтап, «бақыт» мәселесіне қатысты ой-пікірлері мен тұжырымдарын салыстырмалы түрде талдау жасай отырып, олардың пікірлерінің үйлесімділігі мен сабақтастығын айқындауға бағытталған.

### ***Зерттеу әдіснамасы***

Мақаланың зерттеу әдіснамасы – тарихи-логикалық, тарихи-философиялық, философиялық компаративистика әдістері, жүйелі тұрғыда

қарастыру сияқты ғылыми әдістер қолданылды. Компаративистика әдістері әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыб философиясын зерттеуде маңызды, өйткені қос ойшылдың философиясындағы белгілі бір мәдениеттің рухани дәстүрлерінің баламалылығын, үйлесімділігі мен сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы зерттеулер Батыс пен Шығыс философиясының байланыстары мен ерекшеліктерін анықтау мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Салыстырмалы зерттеу тәсілін қолдана отырып, Жүсіп Баласағұн философиясындағы әл-Фараби идеялары ашылады. Әл-Фараби шығармашылығының түрік өркениетімен тамырластығын ескерсек, Жүсіп Баласағұнның көзқарастары белгілі бір деңгейде Екінші ұстаздың рухани мұрасының эволюциясының нәтижесі, пікірлер сабақтастығы мен үйлесімділігі болып есептеледі. Сондай-ақ қазіргі құндылықтар мен дүниетанымдар жүйесінде әл-Фарабидің «ізгі қала» туралы ілімі, Жүсіп Баласағұнның «бақытты ел», «әділетті билеуші» туралы ілімі бүгінгіміздің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде де жаңа идеялар әкелетіні анық. Сонымен қатар зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін Батыс пен Шығыстың байырғы және ортағасырлық философтарының (Сократ, Платон, Аристотель, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари) ізгі қоғам, бақыт, әділеттілік жөніндегі ой пікірлері мен идеялары; әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн шығармасын зерттеген танымал шетелдік және отандық зерттеушілердің: Мүһсин Маһди, Р.Р. Арат, А.Н. Кононов, Р. Данкофф, С.И. Иванов, Мәжид Фахри, Д.М. Данлоп, А. Егеубаев, А. Қасымжанов, Ә. Нысанбаев, Ж.А. Алтаев, С.Е. Нұрмұратов, Г.К. Құрманғалиева, Н.Л. Сейтахметова, К.Ш. Бейсенов, Д.М. Мажиденова, Т.Х. Ғабитов және А.С. Қабылова зерттеулеріндегі тұжырымдамалық ойлар басшылыққа алынды.

### ***Әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыбтың «Бақыт» туралы ілімдеріндегі үйлесімділік пен сабақтастық мәселесі***

Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси және әлеуметтік-этикалық философиясы бірнеше ғасырлар бойы терең зерттеліп, көптеген шетелдік және отандық зерттеушілердің негізгі зерттеу тақырыбы болғаны белгілі. Дегенмен, шығу тегі, рухы жақын қос ғұламаның философиялық пікірлерінің үйлесімділігі мен сабақтастығын салыстырмалы түрде әлі де толық зерттелмеген тақырыптардың бірі. Отандық философия ғылымында алғаш рет А.С. Қабылова қос ойшылдың философиясының сабақтастығын салыстырмалы түрде алғаш рет зерттеді. А.С. Қабылова әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн философиясының тарихи сабақтастығын анықтау арқылы түрік және ислам философиясының байланысын анықтаған. Салыстырмалы талдау негізінде зерттеуші әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның адамгершілік пен бақыт концепциясын және қос ғұламаның философиясындағы бақыт мәселесінің жалпы мен жекелеген ерекшеліктерін байыптайды. Әл-Фараби философиясын зерт-

теген А.С. Қабылованың пікірінше, «бақыт бұл ақыл-ой мен қайырымдылық қатарындағы әл-Фарабидің гуманистік дүниетанымының өлшемі» дейді. Сонымен қатар «Бақыт дегеніміз бұл абсолютті қайырымдылық» дейді. Осыған орай, адам дұрыс яки дұрыс емес жолды өз ерік жігеріне сәйкес таңдау жасайды дейді. Адам қайырымды болуға, ізгілік жолды таңдауға, бақытты болуға ұмтылуға, кемелділікке қол жеткізу үшін ерік-жігер мен тәртіптің арқасында өзін дағдыландыруы қажет дейді [3, 104 б.]. Ұлы ойшыл адам өмірінің мақсаты бақытқа, шынайы бақытқа жету, оның мағынасын түсіне отырып, оның өміріндегі мақсатына айналдыру, соған ұмтылыс жасау болып табылады. Бірақ, жеке тұлға болмыстың мәнін, адамның рухани өмірін және қоғамның әлеуметтік бейнесін терең түсінбей бақытқа жете алмайды [3, 87 б.]. Зерттеушілердің көпшілігі әл-Фарабидің адамға бақытқа қол жеткізу үшін көмек керек деген пікірін атап өтеді; осыдан келіп адам «ізгі қалада» тұруы керек деген ой туындайды [4; 5, 95 б.; 6, 253-262 б.]. Мысалы, зерттеуші Наджар былай дейді: «Саясат саяси бірлестік, қала немесе мемлекет арқылы адамның бақытқа қол жеткізуіне атсалысады» дейді [4; 5, 95 б.]. Әл-Фарабидің шығармаларын ағылшын тіліне аударып, оның мұрасын терең зерттеген зерттеуші Мүһсин Маһдидің пікірінше, бақытқа жету дегеніміз адам жанының күші – оның ақыл-ойының кемелденуін білдіреді. Бұл, өз кезегінде, адамның дұрыс әрекеттер жасау үшін нәпсісін тиып, ақылға жүгінуі мен өнер мен ғылымды меңгеруі. Мұндай тәртіп пен білімге ие болу кез келген адамның қолынан келмейді. Ол үшін табиғи қабілеттерге ие болуы қажет және қажетті ізгі қасиеттерді дамытып, игі істерді орындауға болатын ортада өмір сүру бақытына ие болған адамдар ғана оған қол жеткізе алады. Басқа адамдар бұл кемелдікке белгілі бір дәрежеде ғана қол жеткізбек; және олардың қаншалықты қабілетті кемелдік дәрежесіне қол жеткізе алатындығы олардың өмір сүретін саяси режимі мен алған біліміне байланысты дейді [7, 129 б.]. Зерттеушілердің пікірінше, әл-Фарабидің «бақыт» жөніндегі ілімі түркі ойшылы Жүсіп Хас Қажыб пікірлерімен терең үйлестігі мен сабақтастығы бар. Түркі ойшылы отырарлық әл-Фарабидің «Бақыт» жөніндегі пікірлерімен таныс болғандығы немесе болмағандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ. Бірақ, «Құтты білік» шығармасын қазақ тіліне алғаш аударған ғалым Асқар Егеубаев Жүсіп Баласағұнның даналық ойларының түбі бір, рухтас Әбу Нәсір әл-Фараби философиясымен табиғи жақындығы әлдеқайда берік, әлдеқайда жанды жалғастығы бар дейді. Зерттеушінің пайымынша, Фарабидің бақуатты қоғам, бақытты мемлекет туралы даналық ойлары мен Жүсіп Баласағұнның әлеуметтік-эстетикалық көзқарастарының сабақтастық желісі айқын аңғарылады дейді. Әл-Фараби әлеуметтік трактаттарында ақыл, білім, ғылымның пайдасын, адамның құт-бақыты, ізгі билеушінің мінез-құлық пен табиғаты туралы көзқарастарын білдірсе, «Құтты білікте» осынау әлеуметтік мәні терең ой-толғамдар өлеңмен, дидактикалық поэзия үлгісімен көркем жырланған дейді [2, 14 б.]. Қос ойшылдың шығармаларын салыстырмалы талдау арқылы отандық зерттеуші А.С. Қабылова да олардың пікірлерінің



сабақтастығын анықтаған. «Құтты білік» шығармасы иран, араб-ислам дәстүріне жақындау келсе де, Жүсіп Хас Қажыбтың араб фәлсафасы арқылы әл-Фараби терең талдаған байырғы грек философиясымен таныс болғандығы айқын. «Құтты білікті» ағылшын тілінде аударып, оны терең зерттеген Роберт Данкофтың пікірінше, бұл шығармада келтірілген даналық дәстүрінің қайнар көзі ирандық дәстүрге жақын болса да, грек философиялық дәстүрінің және араб фәлсафасының әсері де бар дейді. Сондай-ақ зерттеуші шығармада көрініс тапқан «Әділдік» пен «Құт» қағидаларының символдық бейнелерінің грек прототиптерінен бастау алатыны байқалады дейді [8, 145 б.]. «Құтты білік» шығармасын ағыл-шын тіліне аудармасын жасап, көптеген іргелі мақалалар жазған Роберт Данкофф «Құтты білік» шығармасындағы «бақыт» концепциясы жөнінде маңызды мәліметтерді терең талдап өткен. Зерттеуші «Құтты білік» шығармасын «әділетті қоғам» қалыптастыруға ниет еткен ханзадаларға арналған насихатнама (патшаларға кеңес) деп атап көрсетеді [9; 8]. Совет дәуірінің зерттеушісі А.Н. Кононов, – «Құтты білік» поэмасының қандай факторлар мен жағдайлардың әсерінен жазылғаны белгісіз, бәлкім, Жүсіп Баласағұн күйзеліске ұшыраған қоғамның жаңа моральдық-этикалық іргетасын құрудың шұғыл қажеттілігін сезінген шығар дейді [10, 509 б.]. Бұл жерде А.Н. Кононовтың Жүсіп Хас Қажыбтың «әділетті, бақытты қоғамды» құруға ұмтылысын меңзеп отырғандығы айқын.

### **Әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыбтың әлеуметтік-этикалық философиясындағы «Бақыт» ұғымының мәні мен маңызы**

Бақыт (*sa'ādah*) ұғымы әл-Фарабидің де және Жүсіп Хас Қажыбтың да саяси-этикалық ілімінде маңызды орынға ие. Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның бақыт мәселесіне қатысты ұстанымын қарастырғанда бірқатар аспектілерін бөліп көрсетуге болады. Оның ішінде қос ойшылдың «Бақыт» туралы ілімінде көне грек философиясынан енген рационалистік көзқарас; рационалдық пен моральдық арақатынас принципі маңызды рөл атқарады. Грек дәстүрі негізінде әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн адам өмірінің мақсаты – бақыт туралы ілімін парасаттылықпен де байланыстырды. Қос ойшыл да адамның өмірден өз тағдыры мен орнын табу жолындағы белсенді әрекеті арқылы бақытқа жетуге болады деп есептейді. Сонымен қатар, әл-Фарабидің де, Жүсіп Баласағұнның да бақыт туралы ілімінің мақсаты – адам бойындағы нағыз адами қасиеттерді табу, тәрбиенің көмегімен жақсы істерге ғана емес, саналы түрде атқарылатын істерге қол жеткізу.

Әл-Фарабидің «Қайырымды (ізгі) қала тұрғындарының көзқарас-тары» трактатында («*Mabādi' Ārā' Ahl Al-Madīnah Al-Fāḍilah*») бақыт адамның түпкі мақсаты ретінде қарастырылған. Ойшылдың пікірінше, бақыт дегеніміз адам өмірінің түпкі мақсаты болуымен қатар адам ұмтылыс танытуға тиіс кемелдік дәрежесі және оның өмірінің мәнін айқындайтын игілік. Дегенмен, бақытқа,

яғни бұл дүниедегі және о дүниедегі бақытқа ізгі азаматтың ғана қолы жетеді. Бақыт мәселесі әл-Фарабидің бірнеше шығармасында қозғалғанымен, дәл осы «Қайырымды (ізгі) қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында терең зерделенген. Сондықтан зерттеуші Дж. Бонеллидің әл-Фарабидің «Қайырымды (ізгі) қала тұрғындарының көзқарастары» трактаты «көпшілік түсінетін тек таза саяси шығарма емес, оны бақытқа апаратын жолдарды ашатын мәтін» ретінде түсіну керек [4, 62 б.] деген пікірімен келісуге болады. әл-Фараби «Дін туралы кітап» шығармасында былай дейді: «Сая-саттану ғылымы тұрғысынан сәйкес, бақыт екі түрлі болады: бақыт сияқты болып көрінетін, бірақ шынайы емес бақыт және мәні бойынша қажеттілік болып табылатын және ешқашан орнын толтыра алмайтын шынайы бақыт... Расында, барлық басқа нәрселер тек осы (бақытқа) жету үшін ғана ізденіс жасалады, ал оған қол жеткізген кезде ізденіс аяқталады. Бұл (бақыт) бұл өмірде емес, ақырет өмірінде болады және ол «ең жоғары бақыт» деп аталады» [15, 52, 10 б.]. «Қайырымды (ізгі) қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында «бақыт» – бұл басқа нәрсеге қол жеткізу үшін емес, өз мүддесі үшін ұмтылатын игілік түрі және адам үшін мұнан артық еш құндылық жоқ дейді [14, 206, 7 б.]. «Азаматтық саясат» шығармасында «Бақыт – абсолютті игілік» деп атаған [13, 72, 15 б.]. «Бақыт дегеніміз – адам жанының (өз) өмірінде (бұдан былай) тірегі үшін материяны қажет етпейтін кемелдік дәрежесіне жетуі» дейді. (Бұл солай), өйткені ол затсыз заттар мен материалдық емес субстанцияларға қосылып, сол күйінде мәңгілікке қалады» дейді [14, 94, 15 б.]. «Мемлекет қайраткерінің афоризмдері» шығармасында «Ең жоғарғы бақыт болып табылатын соңғы кемелдік бұл абсолютті игілік» [16, 121, 4 б.]. Жалпы әл-Фарабидің бақыт іліміне сүйенетін болсақ, бақыттан артық адамның қолы жете алмайтын нәрсе, мұнан артық еш құндылық, игілік жоқ [14, 206, 7 б.]. Бақыт бұл идеал түрінде ізденіс арқылы келетін ізгілік түрі және адамның ақырғы мақсаты. Оның «Бақытқа апарар жол» атты шығармасында «Бақыт» – бұл әрбір адам ұмтылатын мақсатпен бейнеленген басқа нәрсеге қол жеткізу үшін емес, өз мүддесі үшін ұмтылатын игілік түрі, өйткені ол кемелдік және ең жоғары игілік деп аталады [19, 3 б.]. Адамның түпкі мақсаты бақыт екенін тағы да нақтылай түскенінен ойшыл танымының негізгі түйінін бағамдаймыз. Олардың арасында бақытқа қол жеткізетін әрекеттер жатады. Қала тұрғындарының осы нәрселерге көзқарастары сәйкес келсе және бұл өзара бақытқа қол жеткізуге болатын әрекеттермен аяқталса, онда бұл міндетті түрде өзара сүйіспеншілікке ұласады дейді [20, 223 б.].

Бақыт ұғымын адамның ең жоғарғы игілігі ретінде қарастыру түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнға да тән, ол іс жүзінде «Құтты білік» утопиялық еңбегін арнаған. «Құтты білік» шығармасында ең алдымен Жүсіп Хас Қажыб бақыттың не екенін түсіндіреді. Оған қалай жетуге болады деген сұрақтарға жауап береді. Әл-Фараби сияқты Жүсіп Баласағұн да «Бақыт» ұғымын

адамның ең жоғарғы игілігі ретінде сипаттайды. «Құтты білік» туындысының негізі де осы идеяға негізделген. Поэманың мән-мағынасы да адамға бақыт сыйлайтын білім туралы екендігіне келіп тіреледі. Шығармашылығын оқырманға ұсынып, Жүсіп Баласағұн өзі былай деп жазады: «Кітаптың атын «Құтты білік» деп қойдым, құтын тұтсын оқушым білікті ойдың» дейді [11, 350 бәйіт]. Әл-Фараби ілімінің негізінде Жүсіп Хас Қажыб та «бақыт» концепциясын – ізгі, бақытты қоғамды қалыптастырудың мақсаты ретінде қабылдады. Түрік ойшылы Жүсіп Хас Қажыб та жеке тұлғаның (билеушінің) бақытқа жету жолын, халықты бақытқа жеткізу жолын өз шығармасында терең қарастырды. Оның «Құтты білік» шығармасы мән-мағынасы бойынша адамға бақыт сыйлайтын білім мен білікті ойды игеруді насихаттайды. Сондықтан да зерттеуші Асқар Егеубаев «Құтты білік» шығармасының басты мақсаты «бақытты қоғам, құтты ел түзу ғой» деп атап өткен еді [2, 12 б.]. Сонымен қатар, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы төрт қағидаға (Әділет, Құт (Бақыт), Ақыл және Қанағат) негізделген [11, 64-71, 353-58 бәйіт]. Бұл қағидаларды туындының негізгі кейіпкерлері бейнелеген. «Әділет» қағидасын билеуші Күн-Тоғды, Құт (Бақыт) қағидасын бас уәзір Айтолды, «Ақыл» (немесе «Даналық») қағидасын уәзірдің ұлы Өгдүлміш (Ögdülmiş) және «Қанағат» қағидасын уәзірдің ағасы, дәруіш Одғұрмыш (Odgurmiş) бейнелеген [11, 353-58 бәйіт; 9, 353-58 line]. Осы шығармадағы «Бақыт» ұғымына жақын «Құт» ұғымы шығармадағы маңызды қағида. Оны шығармада былайша сипаттаған: «Ал Айтолды бақыт хәм құттың көзі» дейді [11, 355 бәйіт]. «Құтты білік» мағынасы жағынан құт, бақыт әкелетін білім дегенді білдіреді. Жүсіп Баласағұн, мен кітапты «Құтты білік» деп атап, оны оқыған оқырман білікті ойдың құтын тұтсын деп жаздым дейді [11, 350 бәйіт]. Ойшыл шығармасын білім мен ақылға жүгініп, бақыт іздеген адамға арнаған. Философ кітап құнын тек білім мен парасатты игерген адам ғана біледі, білімсіз надан не түсінсін!? дейді. Шығарманы надандардан аулақ ұста, өйткені олар оның қасиетін біле алмайды дейді. Ал ақылды және парасатты жандар оны оқып, одан өмірлік азық алады дейді [11, 21-23 бәйіт]. Жүсіп Хас Қажыбтың пікірінше, білім, парасат пен даналық көптеген бақытсыздықтар мен ауру-сырқаудан сақтайды. Сондықтан бақытты болу үшін білімсіздіктен арылуға шақырады. Философ тәлім-тәрбиеге жетелейтін ақыл мен білім екенін жалықпай қайталайды. «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, білім – жарық, нұрын саған шашатын. Ақыл қолдап, біліммен ер жетілер. Екеуімен қадірі артып, бекінеді» деп жырлаған түрік ойшылы, ақын Жүсіп Баласағұн [11, 288-289 бәйіт]. Ақыл бар жерде ұлылық жетіледі және білімді адам білікті болады дейді. Білімнің мәнін түсін, білімді болсаң, пәледен аулақ боласың дейді. Білімсіздер бар қиыншылықтарға көреді. Білімсіздерге жол көрсет. Білімсіз адам білімге ие болса бақытты болады, құты тасиды дейді. Кім оқуға берілсе табысқа жетеді. Адамның ақылы болса пайдасына кенеледі. Білімді болса кедергілерді білмейді дейді. Ақыл барлық ісінді оңды ететін, білім бол-

са идеалға, мақсат-мұратқа жетелейді дейді. Сондықтан барлық ісінді шешуде ақылға жүгін, ал уақытыңды білімге арна дейді [11, 155-162 бәйіт].

### **Әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыб: «Бақытқа» жету жайында**

Әл-Фарабидің де және Жүсіп Баласағұнның да саяси-әлеуметтік философиясында бақыт ұғымы туралы, оның не екені, оған қалай жетуге болатындығы туралы ізденіс жасалады. Бақыт жалпы адам өмірінің мақсаты ретінде қарастырылады. Бұл дүние үнемі өзгермелі, тұрақсыз болғандықтан, бақытты парасаттылықтан, ақыл әлемінен іздеуге бағыттайды. Екі ойшылдың философиясында да бақыт адамның кемелдігімен, ізгілігімен байланыстырылады. Бақытқа қалай қол жеткізілді? Қос ойшыл да ізгі мінез-құлық арқылы бақытқа жетуге болатынын айтып өтеді. Қос ойшыл да бақытқа тек білім арқылы ғана жететінін айтты. Бұдан түсінгеніміз, адам өз әрекетінде сезімге емес, ақылға сүйенген кезде ғана бақытқа жете алады.

Әл-Фараби бақытқа жету жайында, халықтар мен қала тұрғындары бұл дүниедегі бақытқа және одан кейінгі дүниедегі өмірде ең жоғарғы бақытқа төрт түрлі, яғни теориялық ізгіліктер, ақыл-ой ізгіліктері, адамгершілік қасиеттер және практикалық өнерлер арқылы жетеді деп тұжырымдайды [13,2:1-5 б.]. Осы төрт нәрсе арқылы бақытқа жету үшін теориялық және практикалық ғылымдар қажет сияқты көрінеді. Сонда нақты бақыт дегеніміз не? Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында бақыт – адам жанының болмысы кемелдік дәрежесіне жетеді, оның тірегі үшін материя қажет емес, өйткені ол затсыз нәрселер мен материалдық емес субстанциялардың біріне айналады және осы күйінде мәңгі үздіксіз болып қалады. Бірақ оның дәрежесі Белсенді ақыл деңгейінен төмен... Бақыт – бұл адамның өз мүддесі үшін іздестірілетін жақсылық және ол ешқашан, ешқандай жағдайда, басқа нәрсеге ұмтылмайды...». Ол сондай-ақ бақытқа белгілі бір ерікті әрекеттер арқылы қол жеткізілетінін айтады. Бұл әрекеттердің кейбіреулері ақыл-ойға, басқалары тәнге негізделген [14,13.5-6]. Әл-Фараби пайымдай келе, ақыл кемелдігі мен бақытқа жету үшін көркем мінезді иелену қажет деген шарт қояды. Жүсіп Баласағұн да мінезі бай, тілі майда, болғайды. Мінезі жақсы адамның жаны гүлдеп, бағы ашылады, досымен де, халқымен де жарасады дейді [11, 2230 бәйіт]. Басқаша айтқанда, мінезі жақсы адамның бақытқа тез қолы жетеді.

Әл-Фарабидің «Бақытқа жету жолы» трактатында адам бақытқа әр ісінде және өмір бойы тамаша әрекеттерді таңдағанда ғана жетеді. Жанның жағымды сезімдері де бұл шарттарға сай болуы керек дейді. Ал адамның әрекеттері (тек) кейбір нәрселерге қатысты ғана және белгілі бір жағдайларға ғана байланысты жақсы ниетпен орындалса, адам бақытқа қол жеткізе алмайды дейді. Адам бақытқа парасаттылықпен жетеді дейді [19, 7-8 бб.].

Жүсіп Баласағұнның пікірі де бұл пікірмен терең үйлесім тапқан. Ол туралы «Құтты білік» шығармасында билеуші Күн-Тоғды мен Өгдүлміш арасындағы диалог кезінде өрбиді. «Бақыт деген не, айтшы, кімнің жолы қиын емес, кім бақытқа кенеліп, жамандық көрмеген? дейді. Сонда Өгдүлміш былай дейді: Бұл дүниеде жомарт адам бақытты. Бақыт берген жанға бақыт тиесі!» дейді. Билеуші «турашыл, әрі шыншыл болса, өмірінің күндері бақытпен өтеді» дейді. Жүсіп Хас Қажыб адамның жағымды мінез құлқы да оның бақытты болуына ықпал ететін айтып өткен. «Алла кімге ізгі мінез құлық берсе», оған барлық бақ пен берекені де береді дейді. «Құт, дүние бұйырады адамның құлқына», өзің пайдасын гөр, жұртпен бөліс дейді [11, 1975-1979 бәйіт]. Сонымен қатар, Жүсіп Хас Қажыб та бақытты ізгілікпен байланыстырады. Құдай қолдап, құлына құт қондырса, оның мінез-құлқы түзу, қылығы ізгі болады. Әуелі Алла пейіл-пиғылын оңдап, содан соң құт, береке, сыйлайды дейді. Сондықтан, ел басқару үшін ізгі мінез-құлқы, мың қасиет керек. Адамның мінез-құлқы, қылығы ізгі болса, адамның нәсібі. Құдай кімнің құлқын бұзса, замана оғы тиіп, жөнін табады дейді [11, 1980-1983 бәйіт]. Құт пен бақыт пәктік пен тазалықты қажет етеді, ал «дәулет игі, ізгіліксіз жүдейді!» деп толғанады [11, 2105 бәйіт]. Келесі бір бөлімінде түрік ойшылы бақытқа жету үшін адалдық қажет дейді. Адам адал, ісі түзу болса сол адам бақытты болады. Адал жаннан бақыт қашып құтылмас, түзу жанның күні ешқашан тұтылмас дейді [11, 2864 бәйіт]. Түрік ойшылы, құт та, бақыт та келер, ұстай алмасаң қолдан кетеді дейді. Бағыңды мықтап ұста, ұстамасаң, барлығын жоғалтарсың дейді [11, 724-725 бәйіт]. Яғни, бақыт пен құт мәңгілік емес дейді. Құтты ұстап қалу үшін адам өзі таза, тура жолмен жүру керек. Сонда бақыттының бағы таймайды дейді [11, 726 бәйіт].

Әл-Фараби «Бақыт жолын сілтеу» шығармасында ізгі билеушілер «Саясаткерлер қала тұрғындарын жақсылыққа дағдыландырып, оларды жақсы етеді» дейді [19, 14б.]. «Бақыт» бұл адамның адамгершілік тұрғысынан кемелденудің нәтижесі. Бірақ бұл ретте тек ең кемел, ізгі, саяси көшбасшы (қала басшысы) бақыт жолын көрсете алады. Бақытты бір жағынан адамның өз тағдырына еркін таңдау құқығы арқылы қол жеткізеді. Екінші жағынан, бұл жолды ізгі көшбасшылар нұсқайды. Бақытқа апарар жолды нұсқайтын билеушінің ерік-жігерін «жалпы әмбебап жолы деп алсақ, жеке адамның әрекетін жеке өз жолы деп түсінуге болады. Осылайша, әл-Фараби философиясындағы этика мен саясаттың арақатынасы қоғамның мүмкін болатын трансформациясының толық бейнесін жасайды. Түрік ойшылы Жүсіп Баласағұн да мемлекетті әділ басқару, береке-бірлік, жалпы бақыт мәселелерімен байланыстырады. «Бек қиналса, ел-жұрты құтқа батқаны, Ел дәулетке кенелсе билеуші де өз бақытын табады!» дейді [11, 2938-2939 бәйіт]. Келесі бір бөлімінде былай дейді: «Бұл бектерді құдай қолдап-бағышты, ел жұрты бақытты болса, бегі де бақытты» дейді [11, 5947 бәйіт]. Бегі ізгі болып, бек ісі түзу болса, елдің ішінде құт ор-

найтын еді дейді. «Құттың құты ердің ізгі есімі, Ізгілік аты мәңгілік құттың есігі» [11, 455-456 бәйіт]. Қарапайым халықтың бақытты болуы ең алдымен билеушіге байланысты екені көрсетілген. Билеуші үшін ел жұртының бақыты оның жеке басының бақытын қамтамасыз етеді. Билеушінің ісі адал, билігі әділ болса, халық оның әділ істеріне алғыс айтып, оның әділ билеуші ретіндегі даңқының артуы, өз халқының ғана емес, басқа мемлекеттердің алдында абыройын арттырады. Жүсіп Баласағұнның идеалы – тұлғаның жер тіршілігінде атқарылған игі істермен мәңгілік ететін жақсы атын қалдыру. Билеушінің (жеке адамның) бақыты оның халыққа берген пайдасында. Сол үшін оны есімі мәңгілік халық жадында сақталып, идеал билеушіге айналады. Мұны билеушінің (жеке тұлғаның) бақыты деп атайды.

### ***Қорытынды***

«Бақыт» мәселесі әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның саяси-этикалық философиясындағы маңызды тақырыптардың бірі. Отырарлық ойшыл «бақыт» жөнінде көптеген шығармаларында ой қозғаған. Ал, «Қайырымды (ізгі) қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында «бақыт» мәселесі терең зерделеніп, «бақыт» концепциясы ізгілікпен, «ізгі қала» идеясымен байланыстырылған. Әл-Фарабидің пікірінше, «бақыт» адам өмірінің түпкі мақсаты, оның кемелдік дәрежесі және адам өмірінің мәнін айқындайтын игілік. Оның ілімі бойынша адамның бақыттан артық қолы жете алмайтын нәрсе жоқ және адам үшін мұнан артық еш құндылық, игілік жоқ [14, 206, 7 б.]. Сонымен бірге ұлы ойшылдың пікірі бойынша, бұл дүниедегі бақытқа және одан кейінгі дүниедегі өмірде ең жоғарғы бақытқа теориялық ізгіліктер, ақыл-ой ізгіліктері, адамгершілік қасиеттер және практикалық өнерлер арқылы жетеді [21,2:1-5 б.]. Бақыт ұғымын адамның ең жоғарғы игілігі ретінде анықтау түрік ойшылы Жүсіп Баласағұнға да тән, ол іс жүзінде «Құтты білік» еңбегін осы тақырыпқа арнаған. «Құтты білік» шығармасында ең алдымен Жүсіп Хас Қажыб бақыттың не екенін түсіндіреді. Оған қалай жетуге болады деген сұрақтарға жауап береді. Әл-Фараби сияқты Жүсіп Баласағұн да «Бақыт» ұғымын адамның ең жоғарғы игілігі ретінде сипаттайды. «Құтты білік» шығармасының негізі де осы идеяға негізделген. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы мағынасы жағынан халыққа құт, бақыт әкелетін білім дегенді білдіреді. Түрік ойшылы шығарманы білім мен ақылға жүгініп, бақыт іздеген билеушіге (адамға) арнаған. «Құтты біліктің» кіріспе бөлімінде ойшыл бұл шығарманы оқыған оқырман білікті ойдың құтын тұтсын деп жаздым дейді [11, 350 бәйіт]. Философ бұл еңбектің құнын тек білім мен парасатты игерген адам ғана біледі, ақылды және парасатты жандар оны оқып, одан өмірлік азық алады дейді [11, 21-23 бәйіт]. Тіпті, білім, парасат пен даналық көптеген бақытсыздықтар мен ауру-сырқаудан



сақтайды. Сондықтан бақытты болу үшін білімсіздіктен арылуға шақырады. Ақыл бар жерде ұлылық жетіледі және білімді адам білікті болады дейді. Білімнің мәнін түсін, білімді болсаң, пәледен аулақ боласың дейді. Білімсіз адам білімге ие болса бақытты болады, құты тасиды дейді. [11, 155-162 бәйіт].

Әл-Фарабидің іліміне сәйкес, «бақыт» – ізгілік пен білім негізінде жеке тұлға мен қоғамды моральдық тұрғыдан жетілдіру, сонымен бірге бүкіл «қаланың» мақсатқа жетуі болып саналады. «Бақытқа жету жайында» еңбегінде адам бақытқа әр ісінде және өмір бойы тамаша әрекеттерді таңдағанда ғана жетеді. Жанның жағымды сезімдері де бұл шарттарға сай болуы керек дейді. «Парасаттылық» бақытты түсінудің маңызды аспектісінің бірі бола отырып, адам шын жүректен емес, оның басқа мінез-құлық пен өмірлік белсенділік мүмкіндігін сезінуімен бейнелей алатынын түсінуге болады. Жүсіп Баласағұнның пікірі де бұл тұжырыммен терең үйлесім тапқан. Жүсіп Хас Қажыб адамның жағымды мінез-құлқы да оның бақытты болуына ықпал ететін айтып өткен. «Алла кімге ізгі мінез-құлық берсе», оған барлық бақ пен берекені де береді дейді. «Құт, дүние бұйырады адамның құлқына», өзің пайдасын гөр, жұртпен бөліс дейді [11, 1975-1979 бәйіт]. Түрік ойшылы бақытқа жету үшін адалдық қажет. Адам адал, ісі түзу болса сол адам бақытты болады дейді. «Адал жаннан бақыт қашып құтылмас, түзу жанның күні ешқашан тұтылмас» [11, 2864 бәйіт].

Сонымен қорытындылай келе, әл-Фарабидің де және Жүсіп Баласағұнның да саяси-әлеуметтік философиясында бақыт ұғымы туралы, оның не екені, оған қалай жетуге болатындығы туралы терең ізденістер, түсіндірмелер жасалған. Қос ойшылдың іліміне сәйкес, бақыт жалпы адам өмірінің мақсаты ретінде дәйектеледі. Бұл дүние үнемі өзгермелі, тұрақсыз болғандықтан, бақытты парасаттылықтан, ақыл әлемінен іздеуге бағыттайды. Екі ойшылдың философиясында да бақыт адамның кемелдігімен, ізгілігімен байланыстырылады. Әл-Фарабидің де, Жүсіп Баласағұнның да ілімінің мақсаты – адам бойындағы нағыз адами қасиеттерді табу, тәрбиенің көмегімен жақсы істерге ғана емес, саналы түрде атқарылатын істерге, бақытқа қол жеткізу. Қос ойшыл да бақытқа білім, парасаттылық, адамгершілік, ізгі мінез-құлық сияқты қасиеттер арқылы ғана жететінін пайымдайды.

### ***Әдебиеттер тізімі***

1 Rist John M. Plotinus: The Road to Reality. – Cambridge: Cambridge University Press, 1967. – 280 p.

2 Егеубаев А. Түркі әлемінің ұлы мұрасы. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» (XI ғ.). // Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: Таймас, 2007. – 8-55 б.

3 Қабылова А.С. Әбу Наср әл-Фараби мен Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн: тарихи-философиялық сабақтастық. Философия ғыл. Докторы ғылыми дәр. Алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 221 б.

4 Bonelli M. Farabi's Virtuous City and the Plotinian world soul: A New reading of Farabi's «Mabadi' Ara' Ahl Al-Madina Al-Fadila» Unpublished doctoral dissertation. – Montreal: The Institute of Islamic Studies, McGill University. 2009. – 260 p.

5 Najjār Fauzī M. Al-Fārābi on Political Science // Muslim World. – №48. – 1958. – 94-103 p.

6 Sajjad Saiyid A. Al-Fārābi's Classification of States with Particular Reference to his Imam-State // Islamic Culture. – №57. – 1983. – 253-262 p.

7 Mahdi Muhsin. Al-Fārābi and the Foundation of Islamic Political Philosophy. – Chicago: The University of Chicago Press, 2001. – 281 p.

8 Dankoff R. Introduction to Wisdom of Royal Glory. // From Mahmud Kasgari to Evliya Celebi Studies in Middle Turkic and Ottoman Literature. – Istanbul: Isis Press, 2008. – 131-172 p.

9 Yūsuf Khāss Hājib. Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig). A Turko-Islamic Mirror for Princes. Translated by Robert Dankoff. – Chicago: The University of Chicago Press, 1983. – 281 p.

10 Кононов А.Н. Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание» // Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. – Москва: Наука, 1983. – С. 495-517.

11 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б.

12 Al-Fārābi. Philosophy of Plato and Aristotle (Falsafat Aflātun). Translated by Muhsin Mahdi. – Ithaca, New York: Cornell University Press, 1962. – 192 p.

13 Al-Fārābi. The Political Regime (Al-Siyāsh Al-Madaniyah) // Medieval Political Philosophy: A Sourcebook. Translated by Fauzī M. Najjār. – New York: The Free Press, 1963. – 31-58 p.

14 Al-Fārābi. Al-Fārābi on the perfect state: Abū Naṣr al-Fārābī's Mabādī' Ārā' Ahl al-Madīna al-Fāḍila. Revised text with translation, introduction, and comment. by Richard Walzer. – Oxford: Clarendon Press, 1985. – 571 p.

15 Al-Fārābi. Aphorisms of the Statesman (Fuṣūl al-Madani) // Al-Fārābi: The Political Writings, «Selected Aphorisms» and Other Texts. Edited and Translated by Charles E. Butterworth. – Ithaca: New York, 2001.

16 Al-Fārābi. Fuṣūl al-Madani: Aphorisms of the Statesman. Edited and translated by D.M. Dunlop. – Cambridge: University Press, 1961. – 208 p.

17 Alon Ilai. Al-Fārābi's Philosophical Lexicon. 2 vol. – Cambridge: Gibb Memorial Trust, 2002. – 1042 p.

18 Al-Fārābi. Attainment of Happiness (Taḥṣil al - Sa'ādah) // Medieval Political Philosophy: A Sourcebook. Translated by Muhsin Mahdi. – New York: The Free Press, 1963. – 58-83 p.

19 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, Наука, 1973. – 400 с.

20 Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата, Наука, 1972. – 430 с.

21 Al-Fārābi. Book of Religion (Kitāb al-Millah wa Naṣūṣ Ukhṙā) // Al-Fārābi: The Political Writings, «Selected Aphorisms» and Other Texts. Edited and translated by Charles E. Butterworth. – Ithaca: New York, 2001.

### *Transliteration*

1 Rist John M. Plotinus: The Road to Reality. – Cambridge: Cambridge University Press, 1967. – 280 p.

2 Egeubaev A. Turki alemininuly murasy. Zhysip Balasagun «QyTTY bilik» (XI ғ.). [The Great Heritage of the Turkic World. Yusuf Balasaguni “Kutadgu bilig” (XI century)] // Zhusip Balasagun. QyTTY bilik. – Almaty: Taimas, 2007. – 8-55 b.

3 Қабылова А.С. Abu Nasr al-Farabi men Zhusip Has Khazhyb Balasgun: tarihi-filosofijalyk sabaqtastyq. [Abu Nasr al-Farabi and Yusuf Khas Kajib Balasagun: Historical-Philosophical Continuity]. Filosofija gyl. doktory gylymi dər. alu ushin dajyndalğan dissertaciya. – Almaty, 2010. – 221 b.

4 Bonelli M. Farabi's Virtuous City and the Plotinian world soul: A New reading of Farabi's «Mabadi' Ara' Ahl Al-Madina Al-Fadila» Unpublished doctoral dissertation. – Montreal: The Institute of Islamic Studies, McGill University. 2009. – 260 p.

5 Najjār Fauzī M. Al-Fārābi on Political Science // Muslim World. – №48. – 1958. – 94-103 p.

6 Sajjad Saiyid A. Al-Fārābi's Classification of States with Particular Reference to his Imam-State // Islamic Culture. – №57. – 1983. – 253-262 p.

7 Mahdi Muhsin. Al-Fārābi and the Foundation of Islamic Political Philosophy. – Chicago: The University of Chicago Press, 2001. – 281 p.

8 Dankoff R. Introduction to Wisdom of Royal Glory. // From Mahmud Kasgari to Evliya Celebi Studies in Middle Turkic and Ottoman Literature. – Istanbul: Isis Press, 2008. – 131-172 p.

9 Yūsuf Khāss Hājib. Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig). A Turko-Islamic Mirror for Princes. Translated by Robert Dankoff. – Chicago: The University of Chicago Press, 1983. – 281 p.

10 Kononov A.N. Poéma Yusufa Balasagunskogo «Blagodatnoe znanie» [The Poem of Yusuf Balasagun “Kutadgu Bilig”] // Yusuf Balasagunskiy. Blagodatnoe znanie. – Moskva: Nawka, 1983. – С. 495-517.

11 Yusuf Balasagun. Quttı bilik . [Kutadgu Bilig]. – Almaty: Taimas, 2007. – 536 b.

12 Al-Fārābi. Philosophy of Plato and Aristotle (Falsafat Aflātun). Translated by Muhsin Mahdi. – Ithaca, New York: Cornell University Press, 1962. – 192 p.

13 Al-Fārābi. The Political Regime (Al-Siyāsah Al-Madaniyah) // Medieval Political Philosophy: A Sourcebook. Translated by Fauzī M. Najjār. – New York: The Free Press, 1963. – 31-58 p.

14 Al-Fārābi. Al-Fārābi on the perfect state: Abū Naşr al-Fārābī's Mabādi' Ārā' Ahl al-Madīna al-Fāqīla. Revised text with translation, introduction, and comment. by Richard Walzer. – Oxford: Clarendon Press, 1985. – 571 p.

15 Al-Fārābi. Aphorisms of the Statesman (Fuşūl al-Madani) // Al-Fārābi: The Political Writings, «Selected Aphorisms» and Other Texts. Edited and Translated by Charles E. Butterworth. – Ithaca: New York, 2001.

16 Al-Fārābi. Fuşūl al-Madani: Aphorisms of the Statesman. Edited and translated by D. M. Dunlop. – Cambridge: University Press, 1961. – 208 p.

17 Alon Ilai. Al-Fārābi's Philosophical Lexicon. 2 vol. – Cambridge: Gibb Memorial Trust, 2002. – 1042 p.

18 Al-Fārābi. Attainment of Happiness (Taḥşil al - Sa'ādah) // Medieval Political Philosophy: A Sourcebook. Translated by Muhsin Mahdi. – New York: The Free Press, 1963. – 58-83 p.

19 Al'-Farabi. Sotsial'no-eticheskiye traktaty [Social and Ethical Treatises]. – Alma-Ata, Nauka, 1973. – 400 c.

20 Al'-Farabi. Filosofskiy traktaty [Philosophical Treatises]. – Alma-Ata, Nauka, 1972. – 430 c.

21 Al-Fārābi. Book of Religion (Kitāb al-Millah wa Naşūş Ukhrā) // Al-Fārābi: The Political Writings, «Selected Aphorisms» and Other Texts. Edited and translated by Charles E. Butterworth. – Ithaca: New York, 2001.

*Рыскиева А.А., Абжалов С.У., Базарбаев К.К., Наурузбаев Д. М.*

**Проблема «Счастья» в произведениях Абу Наср аль-Фараби и Юсуфа Хас Хаджиба Баласагуна**

**Аннотация.** В данной статье авторы рассматривают содержание и значение такого понятия как «счастье», а также проводят сравнительный анализ и делают выводы, связанные с этим понятием, на основе трудов аль-Фараби и поэмы Юсуфа Баласагуни «Благодатное знание». Результатом исследования является доказательство того, что проблема «счастья» — основная проблема в социально-этической философии аль-Фараби и Юсуфа Баласагуни, определена сочетание и преемственность их общих и частных философских мыслей о «счастье». Аль-Фараби предлагает учение о «добродетельном городе» как идеале, а целью этого идеала является концепция «счастье». «Счастье», кроме того, по мнению великого мыслителя является основной целью человека. Таким образом он утверждает, что «счастья» в этом и «другом» мирах могут достичь только добродетельные люди. Авторы статьи, основываясь на мнении и выводах, сделанных аль-Фараби, и, связав их с концепцией «счастья» Юсуфа Баласагуни пришли к выводу, что «счастье» может быть достигнуто посредством ряда нравственных качеств, таких как щедрость, честность, справедливость. Важность данной статьи заключается в том, что в ней глубоко раскрыта сущность политико-социальной философии аль-Фараби и Юсуфа Хас Хаджиба, что непременно может стать основой для выявления новых аспектов и определения преемственности идеи «счастья» с теоретико-методологическими взглядами современного общества.

**Ключевые слова:** аль-Фараби, Юсуф Хас Хаджиб, счастье, исламская философия; тюркская философия, «Добродетельный город», «Благодатное знание».

*Ryskiyeva A., Abzhalov S., Bazarbayev K., Nauruzbayev D.*

**The Problem of “Happiness” in the Works of Abu Nasr al-Farabi and Yusuf Khas Hajib Balasagun**

**Abstract.** The article examines the content and meaning of the concept of “happiness” in the works of Abu Nasr Al-Fārābi and Yusuf Khas Kajib Balasagun and compares the general thoughts and conclusions of two thinkers on the issue of “happiness” and analyses the compatibility and continuity of their opinions. As a result of the research, it was determined that the problem of “happiness” was the main problem in the social and ethical philosophy of Al-Fārābi and Yusuf Khas Hajib Balasagun, and the compatibility and continuity of their general and specific philosophical thoughts on “happiness.” Al-Fārābi proposed the doctrine of the “virtuous city” as a political and moral ideal and the concept of “happiness” as the goal of achieving this ideal. At the same time, according to the philosophy of the great thinker, “happiness” is considered the ultimate goal of a man. However, he warned that a virtuous citizen can only achieve happiness in this world and the next. On the basis of these opinions and conclusions of Al-Farabi, authors have revealed that Yusuf Has Kajib also connected the concept of “happiness” with virtue and a number of moral qualities, such as generosity, honesty, and justice, which lead to “happiness.” The importance of the article will undoubtedly be the basis for profoundly revealing the essence of the political and social philosophy of Al-Fārābi and Yusuf Khas Hajib, identifying new aspects, and theoretically and methodologically determining the continuity of their ideas on “happiness” with modern society.

**Keywords:** Al-Farabi, Yusup Khas Khajib, happiness, Islamic philosophy, Turkish philosophy, “Virtuous city”, “Kutadgu Bilig.”

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКА ІЛІМІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСЫ\*

<sup>1</sup>*Сүлейменов Пірімбек Мұхамбетұлы, <sup>2</sup>Питер Муурсепп,*<sup>3</sup>*Молдабек Ескер Бегалыұлы*<sup>1</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан),*<sup>2</sup>*Таллин технологиялық университеті (Таллин, Эстония),*<sup>3</sup>*Нұр-Мұбарак ислам университеті (Алматы, Қазақстан)*<sup>1</sup>*spirimbek.@mail.ru, <sup>2</sup>yesker.moldabek@gmail.com*<sup>1</sup>*Suleimenov Pirimbek, <sup>2</sup>Peeter Muursepp, <sup>3</sup>Moldabek Yesker*<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*<sup>2</sup>*Tallinn University of Technology (Tallinn, Estonia)*<sup>3</sup>*Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan)*<sup>1</sup>*spirimbek.@mail.ru, <sup>2</sup>yesker.moldabek@gmail.com*

**Аңдатпа.** Бірнеше ғылым саласында қалам тартқан ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінің негізінде жазылған бұл мақалада білім мен педагогика мәселесі қарастырылады. Белгілі бір қоғамның мүшесі болып саналатын адамның ақыл-ой қабілетінің, өзара көмек пен қайырымдылыққа негізделген еңбектерінде отырар ойшылы адамға білім беруді жүйелі түрде жүргізудің, ғылым салаларын жіктей отырып, оны үйренушілерге ұғындырудің әдістемелік негіздерін салып берген. Білім алудың басты мақсаты жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты абсолюттік жақсылық – жоғарғы деңгей деп танылатын бақытқа жету деп анықталады. Әл-Фараби — педагогика тарихында алатын үлкен орны бар асқан дидактик методист, ғұлама болған адам. Ойшылдың бұл саладағы мұраларын сұрыптап, қазіргі педагогика ғылымының даму игілігіне пайдалану — абзал міндеттердің бірі болып табылады.

**Түйін сөздер:** Парасаттылық, ізгілік, білім беру, теория, тәжірибе, саяси көшбасшы, моральдық, жеке тұлға, педагогикалық, интеллектуалды білім, дидактика.

### *Kіріспе*

Мындаған жылдар бойы адамзат өркениеті өзінің мәдени мұралары мен ғылыми жетістіктерін келешек ұрпақтарға аманат етіп келеді. Осы бай қазыналарды алғашқы тәлімгерлер қандай педагогикалық әдістемелермен жеткізіп келді, қалайша антикалық заманнан бастап орта ғасырда энциклопедист ғалымдар дүиеге келді, олардың педагогикалық әдістемелері заманауи білім беруден несімен ерекшеленеді деген тақырып осы уақытқа

\* Бұл зерттеу мақала ҚР ҒЖБМ ҒК тарапынан қаржыландырылған ЖТН АР19679483 «Әл-Фараби трактаттарындағы педагогикалық мұраларын қазіргі білім жүйесіне кіркітірудің ғылыми-әдістемелік негіздері» атты жоба аясында әзірленді.

дейін шешілмеген мәселелердің бірі болып табылады. Болашағымызды болжай алу үшін өткенімізді дұрыс саралап, одан белгілі бір қорытынды шығаруымыз керек.

Ғылым ретінде қалыптасқан философияның отаны болып табылатын Грекияның алып тұлғалары Сократ, Платон, Аристотель, Ефклид, Пифагор, Птолемей және басқа да грек даналарының педагогикалық идеяларын жаңғыртып, одан әрі дамытып, теориялық білімдер мен практикалық өнерлерді ұштастыра білген ортағасырлық отырар ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерін зерделегенде кейбір сұрулардың шешімін тапқандай боламыз.

Бұл тұрғыдан ғалымның шығармалары толыққанды, берері мол шынайы ғылыми білімдерді игерудің кілті болып табылады. Мұндай білімдер математика, физика, метафизика, логика, грамматика, риторика салаларын қамтитын жалпы философия болып табылады.

Әл-Фарабидің ғылыми еңбектерінде «мінез-құлық», «адамгершілік», «еңбек ету», «оқу», «білім», «таным», т.б. педагогикалық терминдер классикалық педагогиканың «тәрбие теориясы» мен «оқыту теориясына» тікелей қатысты екендігін және педагогика ғылымы философияның бір бөлімі ретінде дамығандығын айқындайды.

**Әбу Насыр Әл-Фараби** (870-950 жж.) - Отырарға жақын Висидж қалашығында, әскербасының отбасында дүниеге келген әлемге әйгілі ойшыл, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Ол алдымен Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған және трактаттарын жазған. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын тандап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бір де бір ғылым саласы жоқ деуге болады [1, 7 б.].

Әл-Фарабидің әлем мен адамзатты түсінуге, адамның әлемдегі орнын анықтауға және дүние мен қоғамның толық интеллектіуалды бейнесіне қол жеткізуге деген құштарлығы зор болды. Ойшылдың интеллектіуалды мұрасы тікелей антикалық философия өкілдері, оның ішінде Платон мен Аристотельдің философиялық ілімдері мен аудармаларына толы, сонымен қатар, өзінің көптеген ғылым салалары бойынша еңбектері де жетерлік. Ғалымдардың пайымдауынша, әл-Фарабидің жетпістен жүз алпысқа дейін трактаттары бар [2, 86 б.].

Ол оқытудың сөздік практикалық әдістері мен көрнекілік, жүйелілік принциптеріне тоқталып, олар туралы диалектикалық, логикалық ой-тұжырымдар жасаған. Сонымен бірге бұл әдістер мен принциптерді оқушылардың (шәкірттердің) жас ерекшеліктеріне қарай біртұтас педагогикалық процесте іске асыру қажеттігін ұсынған.



Әл-Фарабидің пікірінше ғылымдарды оқып-үйрену көп тәсілдермен жүзеге асады, бірақ қайсысын басшылыққа алғанда да ғылымдағы бастапқы ұғымдарды, қағидаларды, алғышарттарды біліп алудан бастау қажет. Осының нәтижесінде түпкі шындық-болмыс оның көріністері танып білінеді. Оқу, үйрену біздерге болмыс бастауларын білуге алып келеді, ал олардан шығарылған қорытындылар ғылыми пәндерді игерудің құралы болады.

### ***Зерттелу әдістері***

Аталмыш мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жағынан іргелі педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алғанын, әсіресе оның күллі адамзат қауымдастығының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін ізгілік принципі педагогиканың жетекші идеясы болып отырғаны баяндалады. Отырар ойшылының білім алу мен білім берудің маңыздылығын философиялық негіздерін және теориялық мәнін ашу негізінде ғылыми құрал ретінде салыстырмалы теориялық зерттеу әдістерін қолданамыз. Сонымен қатар ізденіс барысында, шетелдік және отандық зерттеуші авторлардың еңбектеріндегі тақырыпқа байланысты жазған ой пікірлерін ғылыми негіз және дереккөз ретінде пайдаланылды. Мәтіндерге герменевтикалық және компаративистік, стилистикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Әл-Фарабидің педагогикалық ойларын философиялық тұрғыдан зерттеу барысында, зерттелу негізіне сәйкес, білімді берудің ерекшеліктері мен даму аспектілеріне байланысты феноменологиялық талдау әдістері де қолданылады.

### ***Әл-Фараби және педагогика***

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінде білім және педагогика әлеуметтік феноменнің бірі болып табылады. Бұл феномен тікелей адам жанымен тығыз байланысты, сонымен қатар, әрбір жеке тұлға қоғамның мүшесі болуға, өзінің жеке кемелінің деңгейіне жетуге, соның нәтижесінде өзіне қойылған басты мақсатқа жетуге ерте жастан бастап дайындалу керектігін айтады. Әл-Фарабидің тікелей білім мен педагогика жайлы ерекше арналып жазылған еңбектерінің болмауына қарамастан, оның «Бақытқа жолды бағыттау», ««Интеллект» сөзінің мағынасы туралы», «Философияны үйренуге дейінгі алғышарттар туралы», «Азаматтық саясат» және тағы басқа философиялық ойларын жете меңгерген адам олардан анық педагогикалық ілім элементтерін аңғаруға болатынына көз жеткізе алады.

Бұл еңбектерде оқытудың мақсаты мен әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, көрнекілігі, білім алушының белсенділігі мен мақсатқа ұмтылушылығына көңіл бөлінген. Дағдылар, әдеттер, қабілеттілік сияқты педагогикалық ұғымдар, тәрбиенің әдістері

талданған. Білімге бағытталған іс-әрекеттердің барлығы әл-Фарабидің ойынша, белгілі бір кезеңде және қоғамда құндылықтар, ілім мен тәжірибелік мүмкіншіліктерді тұлғаның игеруі деп тұжырымдайды [3, 13 б.]. Білім алудың басты мақсаты жеке тұлғаны кемеліне жеткізу болса, ал әлемде адамзаттың өмір сүруінің басты мақсаты абсолюттік жақсылық – жоғарғы деңгей деп танылатын бақытқа жету деп анықталады.

It is worth it as there are currently two main trends of international Islamic influence in Central Asia: one is Pan-Islamism and the other is Pan-Turkism. The first is represented by Iran, and the second by Turkey. These two trends have different international basis. Iran advocates pan-Islamism and hopes to revive Islamic fundamentalism and establish political and religious regimes in Central Asian countries [15]. Turkey, on the other hand, promotes pan-Turkism, hoping that Central Asian states will follow this model and establish secular regimes that separate church and state to promote cooperation between Turkic-speaking peoples. Pan-Islamism is called religious nationalism, while pan-Turkism is called ethnic nationalism [16]. Among the five countries of Central Asia, Tajikistan belongs to the Iranian language family. On February 19, 1992, Iran announced the creation of the "Persian Language Association", headquartered in Tehran, which includes representatives of Iran, Tajikistan, and Afghanistan [17]. The other four countries, Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, and Turkmenistan belong to the Turkic language family and are the objects of Islamic Turkism. This is how Islam in modern Kazakhstan responds to the challenges of modernity, which affects social, spiritual, and cultural processes, where the realization of the harmonious coexistence of the believer and secular society takes place.

In Kazakhstan, Islam has moved beyond mere personal belief and is rapidly becoming a political orientation [18, p.370]. Its composition is relatively complex, it attempts to restore the Islamic way of life in the Middle Ages, and it is negative about the wearing of European clothing and the emancipation of women of the main ethnic group. Sunni believers have always been bound by secular power, for centuries the spiritual leader of the Sunni was also the ruler of the Ottoman Empire [19]. Their clergy, although they play an important role in religious life, do not have the influence and power that the Iranian or Lebanese clergy have. However, it cannot be ignored that Islamic fundamentalism continues to grow in the region and influence the educational and upbringing components, transmitting new paradigms

of personal cultural formation. A manifestation of the Islamic revival in Central Asia is the sharp increase in the number of Islamic religious sites (mosques, seminaries), as well as educational institutions that offer various models of education for the upbringing and formation of personality. All these trends make it possible to prevent religious mechanisms from supplanting this spiritual wealth of the state.

Islam is the most important factor in the formation of the cultural identity of Kazakhstan, and this religion has a greater influence on the Central Asian masses, given its growing interest among young people, as the results of the survey emphasize. Along with the development of cultural and educational mechanisms of Islamic education in Kazakhstan, the modern features of secular societies, in one way or another, influence the interpretation and status of educational paradigms in educational institutions. Thus, regardless of what model of education the educational program adheres to, institutions also teach many “rational sciences” such as philosophy, logic, and mathematics, which form the basis of culturally creative learning technology, in addition to religious subjects. Regular teaching content includes Arabic, tafsir (annotation of the Koran), Sharia law (Islamic law), hadith (the speech and deeds of the Prophet Muhammad), and the history of Islam. Most Islamic schools and universities offer advanced courses such as Arabic literature, English and other foreign languages, and world history in response to teaching needs, while reflecting a large religious connotation of the individual’s educational potential.

### ***Knowledge in the Context of the Culture-Creating Component of Islam***

A. Prabowo and H. Ilyas believe that modern human occupies an existential place in the space of a certain culture, which is reinforced by social, political, and economic structures [20]. In turn, the educational system, which provides valuable tools for the creation of personality in a culture-creative context, constitutes its spiritual and inner essence, which allows it to be important in a globalized world. Humanism and the culture of nations have anchored religiosity in the vital essence of being. Different religions, different societies, and different times determine the demand, formation, and training of different talents and dictate the setting of educational goals. Setting the goals of Islamic education depends on an orientation to Islamic values. In other words, Islamic education should embody culture and practice beliefs under Islamic values to develop a spiritual, moral, and educational foundation suitable for social needs. The ultimate goal of Islamic education is to educate believers in religion, guardians of morality, and warriors in life [20]. This requires a culture-building education to guide people to be diligent in cultivating faith and acquiring knowledge.

As S. Bahri points out, family education is the most basic form of Islamic education for the individual [21]. Islam emphasizes the importance of family education and believes that having parents with pious beliefs, noble morals, and the right words and deeds will have a great impact on the educational potential of the individual in

the future. The status and role of women in the family context are prioritized, so mothers play an extremely important role in education and the acquisition of knowledge. Knowledge, in the context of the culture-creating component of Islam, is a spiritual wealth bestowed upon humankind by Allah, not the private property of certain people. Understanding the importance of education has gone a long way from being ignored to being considered, where the concept of continuous learning has long existed in Islamic educational thought. From the perspective of Islam, receiving education and seeking knowledge can not only bring many benefits in this life, but it is also a religious practice, the “*abbadat*”, and a kind of good deed to obtain Allah’s favor [21]. Continuous learning is a unique educational concept that breaks down the boundaries of time and space, makes the search for knowledge and learning a life-long struggle of individuals, and gives broader significance to educational potential.

From the point of view of I. Felsenthal and A. Agbaria [22], Islam plays a central role in the value system of Central Asian states, both in upbringing and education and society as a whole. Passing through different times and historical moments, the Islamic cultural formation of personality has contributed to the development of various models of learning, the social task of which puts the training of citizens through the educational process to apply knowledge not only for personal satisfaction but also the identification of bearers of the Islamic faith. Learning in the context of the development of the educational potential of Islam can be understood as a process of cultural acquisition, that is, the ascent to humanity and the development of the individual within the framework of moral qualities and principles. The important place of Islam in the public life of the Kazakhs is fueled by Islamic teachings and laws, law, as well as the influence of Islam religious organizations, and educational institutions [22]. This is mainly because Islam influences the original culture while preserving the original spiritual component, which manifests itself in the integration and absorption of traditional customs.

Following K. Chen and L. Hsu [23], Islam, like any other religion, does not know an authentic expression of the “*true*” religion, which would be opposed to fakes. Such a discourse ignores a basic sociological reality: Islam does not exist without Muslims, and the latter has many ways of living up to their religious beliefs. Cultural representations in this case have transcendent and metaphysical characteristics that distinguish the Islamic religion from the physical elements of the human body and the material world. Thus, individuals have a dual identity: on the one hand, a system of cultural representations, and on the other, organic, biological, and physiological components [23]. Cultural representations in the educational paradigm are the most powerful determinants of people’s identity and, therefore, of their behavior.

Thus, educational factors justify an increased interest in the study of the culture-creating paradigm of Islam and its role in philosophical models of learning to identify moral aspects that have been overlooked by modern studies of religion. These aspects are extremely important to understand the essence of culture, which constitutes

the main characteristic of the human species. Thus, the research results allowed the identification of the most used educational models of Islamic educational institutions in Kazakhstan, considering the educational potential that lies in each of them.

### ***Conclusion***

As a research result, it was determined that Islamic education in the Republic of Kazakhstan is represented by different philosophical models, including varying degrees of educational potential. Thus, following the survey of pupils and students of various religious educational institutions, it was determined that such cultural and educational models as “kalam”, “adab”, “sufism” and “falsafa” are actively implemented. They function in different interpretations, modernized for a secular society, that went beyond “rational sciences” and promote the educational trend with a variety of courses, foreign languages, and world history. Following the results of a survey of respondents, the highest educational and moral functions of the individual in Islamic education in Kazakhstan are performed by the “adab” model, and the lowest by the “kalam” model, which is equivalent to 96 percent and 48 percent. It was determined that 76 people out of 106 surveyed pupils and students were particularly interested in the “Sufism” model, which in percentage equivalent means more than 70% of the total number of participants. Also, it is worth noting that in designing the technology of the culture-creative paradigm of Islamic education in the development of the educational potential of the individual in the Republic of Kazakhstan the institution applies semiotics to specific branches of spiritual and creative knowledge while developing the moral connotations of personality.

Thus, the design of the culture-creative paradigm of Islamic education in the context of a secular society seeks to reconcile democratic views with nationalistic and religious beliefs, opening the way to original teaching models of Muslim democracy in educational institutions in Kazakhstan. Religious models and practices allow the study of the cultural framework to be approached as a philosophy of life since throughout one’s existence one must continually educate oneself and improve oneself. This position provided an opportunity to analyze religious movements that refuse to consider Islam as an autarkic religion and consider the democratic view while expanding the learning potential of the individual. The study of ethnic peculiarities and reasons for the Islamic faith of the Kazakhs has not only theoretical and practical value but also allows a deeper understanding of the connotation and features of the educational Islamic models of modern Kazakhs, which provide a theoretical basis for enriching the content of the relationship between the spiritual, cultural, religious and educational components of personality. Therefore, it can be concluded that the research aim has been achieved. However, the mechanisms and features of designing the technology of culture-creative basis in Islamic upbringing and education require further studies and religious developments in the context of the Republic of Kazakhstan.



*List of references*

- 1 Шанифа Н., Ханафи Ю., Махфуд К., Самсудин А. Разработка основанной на духовности системы исламского образования для молодых поколений мусульман: пример из двух индонезийских университетов // Педагогика высшего образования. – Том 6. – №1. – 2021. – С. 195-198.
- 2 Ламар Ф. Исламское образование: исламская «культурная среда, основанная на мудрости» в западном контексте // Религии. – Том 11. – № 8. – 2020. – С. 409-411.
- 3 Мемон Н., Чоун Д., Алкоатли К. Описания и постановления исламской педагогики: размышления выпускников исламской программы подготовки учителей // Педагогика, Культура и Общество. – Том 29, №4. – 2021. – С. 16-19.
- 4 Фариана А., Худа М. Применение анализа сильных и слабых сторон, возможностей и угроз в исламских учебных заведениях // Журнал исламского образования. – Том 4. – №1. – 2019. – С. 52-54.
- 5 Роуджи К., Афила Н., Эндрианто К., Десмита Д. Привыкание к исламскому обучению через стили воспитания пророков в новую нормальную эпоху // Международный журнал исламской педагогической психологии. – Том 1. – №2. – 2021. – С. 109-111.
- 6 Сусилавати С., Рахманиа А., Ясин А., Вахидмурни В., Маселено А. Нравственное обучение в формировании умеренных мусульман в Исламском Колледже в Маланге // Международный журнал психосоциальной реабилитации. – Том 24. – № 3. – 2020. – С. 2042-2045.
- 7 Анан А. Внедрение поликультурного исламского образования в построении религиозной гармонии учащихся // Поликультурное образование. – Том 4, №1. – 2020. – С. 22-26.
- 8 Тома С., Уокер Д., Чен Ю., Фришан А., Мулен-Стожек Д., Кристьянссон К. Применение подростками добродетелей в пяти культурных контекстах // Психология развития. – Том 55, №10. – 2019. – С. 2181-2185.
- 9 Клемент С., Боллинджер Р. Перспективы развития добродетели характера // Исследования в области развития человека. – Том 13, №2. – 2016. – С. 178-181.
- 10 Лафрарчи Н. Оценка программы исламского религиозного образования во фламандских государственных средних школах // Религии. – Том 11, №110. – 2020. – С. 26-29.
- 11 Ачилов Д. Исламское образование в Центральной Азии: данные из Казахстана // Политика Азии. – Том 14. – 2012. – С. 102-106.
- 12 Музыкана Ю. Исламское религиозное образование в Казахстане: применение исследований будущего для ускорения реформы // Обзор мирового будущего. – Том 14, №2-4. – 2022. – С. 93-97.
- 13 Малик Б. Ислам в постсоветском Казахстане: переживание публичного возрождения ислама посредством институционализации // Азиатский журнал ближневосточных и исламских исследований. – Том 13, №3. – 2019. – С. 351-354.
- 14 Ильхам Д. Проблема исламского образования и как измениться // Международный журнал азиатского образования. – Том 1, №1. – 2020. – С. 12-15.
- 15 Ганн Т. Формирование исламской идентичности: религия, исламизм и государство в Центральной Азии // Социология религии. – Том 64, №3. – 2003. – С. 406-410.
- 16 Идрис М. Ислам и дисциплинарные ограничения либеральной философии конца двадцатого века // Современная интеллектуальная история. – Том 18, №4. – 2021. – С. 1034-1038.
- 17 Падиль М. Социально-философское исследование идеологии исламского образования // Латиноамериканская утопия и практика. – Том 26, №1. – 2021. – С. 256-261.
- 18 Лопез-Фаржит Л. Классическая исламская философия: тематическое введение // Нью-Йорк, 2021. – С. 368-372.
- 19 Элхошт М. Реакция современной исламской философии на реальность и мышление вне истории // Журнал гуманитарных и прикладных социальных наук. – Том 1, №1. – 2019. – С. 21-24.

20 Прабово А., Ильяс Х. Мультикультурное образование в исламской перспективе // Достижения в области социальных наук, образования и гуманитарных исследований. – Том 570. – 2021. – С. 372-375.

21 Бахри С. Мультикультурное образование с точки зрения философии исламского образования // Журнал исламского образования. – Том 5, №2. – 2020. – С. 239-241.

22 Фельсенталь И., Агбария А. Как читать Коран в религиозном исламском образовании: чему педагоги могут научиться из работы Мохаммеда Аркуна // Религии. – Том 14. – 2020. – С. 129-132.

23 Чен К., Су Л. Видение будущего: оценка результатов обучения и воздействия ориентированного на будущее образования // Журнал исследований будущего. – Том 24, №4. – 2020. – С. 112-116.

### *Transliteration*

1 Chanifah N., Hanafi Y., Mahfud C., Samsudin A. Razработка osnovannoy na dukhovnosti sistemy islamskogo obrazovaniya dlya molodykh pokoleniy musul'man: primer iz dvukh indoneziyskikh universitetov [Designing a Spirituality-Based Islamic Education Framework for Young Muslim Generations: a Case Study From Two Indonesian Universities] // Pedagogika vysshego obrazovaniya. – Том 6, №1. – 2021. – С. 195-198.

2 Lahmar F. Islamskoye obrazovaniye: islamskaya "kul'turnaya sreda, osnovannaya na mudrosti" v zapadnom kontekste [Islamic Education: An Islamic "Wisdom-Based Cultural Environment" in a Western Context] // Religii. – Том 11, № 8. – 2020. – С. 409-411.

3 Memon N., Chown D., Alkoutli C. Opisaniya i postanovleniya islamskoy pedagogiki: razmyshleniya vypusknikov islamskoy programmy podgotovki uchiteley [Descriptions and Enactments of Islamic Pedagogy: Reflections of Alumni From an Islamic teacher Education Programme] // Pedagogika, Kul'tura i Obshchestvo. – Том 29, №4. – 2021. – С. 16-19.

4 Fahriana A., Huda M. Primeneniye analiza sil'nykh i slabykh storon, vozmozhnostey i ugroz v islamskikh uchebnykh zavedeniyakh [Application of Analysis of Strengths, Weaknesses, Opportunities, and Threats in Islamic Education Institutions] // Zhurnal islamskogo obrazovaniya. – Том 4, №1. – 2019. – С. 52-54.

5 Rouzi K., Afifah N., Hendrianto C., Desmita D. Privykaniye k islamskomu obucheniyu cherez stili vospitaniya prorokov v novuyu normal'nuyu epokhu [Establishing an Islamic Learning Habituation Through the Prophets' Parenting Styles in the New Normal Era] // Mezhdunarodnyy zhurnal islamskoy pedagogicheskoy psikhologii. – Том 1, №2. – 2021. – С. 109-111.

6 Susilawati S., Rahmaniah A., Yasin A., Wahidmurni W., Maselena A. Nравstvennoye obucheniyе v formirovaniі umerennykh musul'man v Islamskom Kolledzhe v Malange [Moral Learning in Forming Moderate Muslims on Islamic College in Malang] // Mezhdunarodnyy zhurnal psikhosotsial'noy reabilitatsii. – Том 24, № 3. – 2020. – С. 2042-2045.

7 Anan A. Vnedreniye polikul'turnogo islamskogo obrazovaniya v postroyenii religioznoy garmonii uchashchikhsya [Implementation of Multicultural-Based Islamic Education in Building Students' Religious Harmony] // Polikul'turnoye obrazovaniye. – Том 4, №1. – 2020. – С. 22-26.

8 Thoma S., Walker D., Chen Y., Frichand A., Moulin-Stozek D., Kristjansson K. Primeneniye podrostkami dobrodetey v pyati kul'turnykh kontekstakh [Adolescents' Application of the Virtues Across Five Cultural Contexts] // Psikhologiya razvitiya. – Том 55, №10. – 2019. – С. 2181-2185.

9 Clement S., Bollinger R. Perspektivy razvitiya dobrodeteli kharaktera [Perspectives on Character Virtue Development] // Issledovaniya v oblasti razvitiya cheloveka. – Том 13, №2. – 2016. – С. 178-181.

10 Lafrarchi N. Otsenka programmy islamskogo religioznogo obrazovaniya vo flamandskikh gosudarstvennykh srednikh shkolakh [Assessing Islamic Religious Education

Curriculum in Flemish Public Secondary Schools] // Religii. – Tom 11, №110. – 2020. – S. 26-29.

11 Achilov D. Islamskoye obrazovaniye v Tsentral'noy Azii: dannyye iz Kazakhstana [Islamic Education in Central Asia: Evidence from Kazakhstan] // Politika Azii. – Tom 14. – 2012. – S. 102-106.

12 Muzykina Y. Islamskoye religioznoye obrazovaniye v Kazakhstane: primeneniye issledovaniy budushchego dlya uskoreniya reform [Islamic Religious Education in Kazakhstan: Applying Futures Studies to Skyrocket the Reform] // Obzor mirovogo budushchego. – Tom 14, №2-4. – 2022. – S. 93-97.

13 Malik B. Islam v postsovetskom Kazakhstane: perezhivaniye publichnogo vozrozhdeniya islama posredstvom institutsionalizatsii [Islam in Post-Soviet Kazakhstan: Experiencing Public Revival of Islam Through Institutionalization] // Aziatskiy zhurnal blizhnévostochnykh i islamskikh issledovaniy. – Tom 13, №3. – 2019. – S. 351-354.

14 Ilham D. Problema islamskogo obrazovaniya i kak izmenit'sya [The Challenge of Islamic Education and how to Change] // Mezhdunarodnyy zhurnal aziatskogo obrazovaniya. – Tom 1, №1. – 2020. – S. 12-15.

15 Gunn T. Formirovaniye islamskoy identichnosti: religiya, islamizm i gosudarstvo v Tsentral'noy Azii [Shaping an Islamic Identity: Religion, Islamism, and the State in Central Asia] // Sotsiologiya religii. – Tom 64, №3. – 2003. – S. 406-410.

16 Idris M. Islam i distsiplinarnyye ogranicheniya liberal'noy filosofii kontsa dvadtsatogo veka [Islam, rawls, and the disciplinary limits of late twentieth-century liberal philosophy] // Sovremennaya intellektual'naya istoriya. – Tom 18, №4. – 2021. – S. 1034-1038.

17 Padil M. Sotsial'no-filosofskoye issledovaniye ideologii islamskogo obrazovaniya [Socio-Philosophical Study of the Ideology of Islamic Education] // Latinoamerikanskaya utopiya i praktika. – Tom 26, №1. – 2021. – S. 256-261.

18 Lopez-Farjeat L. Klassicheskaya islamskaya filosofiya: tematicheskoye vvedeniye [Classical Islamic Philosophy: A Thematic Introduction] // N'yu-York, 2021. – S. 368-372.

19 Elkhosht M. Reaktsiya sovremennoy islamskoy filosofii na real'nost' i myshleniye vne istorii [Contemporary Islamic Philosophy Response to Reality and Thinking Outside History] // Zhurnal gumanitarnykh i prikladnykh sotsial'nykh nauk. – Tom 1, №1. – 2019. – S. 21-24.

20 Prabowo A., Ilyas H. Mul'tikul'turnoye obrazovaniye v islamskoy perspektive [Multicultural Education in Islamic Perspective] // Dostizheniya v oblasti sotsial'nykh nauk, obrazovaniya i gumanitarnykh issledovaniy. – Tom 570. – 2021. – S. 372-375.

21 Bahri S. Mul'tikul'turnoye obrazovaniye s tochki zreniya filosofii islamskogo obrazovaniya [Multicultural Education In Islamic Education Philosophy Perspective] // Zhurnal islamskogo obrazovaniya. – Tom 5, №2. – 2020. – S. 239-241.

22 Felsenthal I., Agbaria A. Kak chitat' Koran v religioznom islamskom obrazovanii: chemu pedagogi mogut nauchit'sya iz raboty Mokhammeda Arkuna [How to Read the Quran in Religious Islamic Education: What Educators Can Learn From the Work of Mohammed Arkoun] // Religii. – Tom 14. – 2020. – S. 129-132.

23 Chen K., Hsu L. Videniye budushchego: otsenka rezul'tatov obucheniya i vozdeystviya oriyentirovannogo na budushcheye obrazovaniya [Visioning the Future: Evaluating Learning Outcomes and Impacts of Futures-Oriented Education] // Zhurnal issledovaniy budushchego. – Tom 24, №4. – 2020. – S. 112-116.

***Жолмұхан Т.М., Қайрбеков Н.Э., Ибраһим Марас***

**Қазақстан Республикасында тұлғаның білім беру әлеуетін дамытуда исламдық білім берудің мәдени-шығармашылық парадигмасының технологиясын жобалау**

***Андамна.*** Қазақстан Республикасындағы рухани-мәдени білім беру құрамдастарын зерделеу мәселесі адамгершілік-тәрбиелік құбылыстардың субъектісі ретінде тұлғаның діни дамуында ерекше орын алатын исламдық этникалық аспаптардың өсу тенденция-

ларына байланысты. Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның зайырлы қоғамы мен білімнің тәрбиелік функциясын ескере отырып, исламдық білім берудің рухани-адамгершілік үлгілерінің ерекшеліктерін талдау. Зерттеу мақсатына жету үшін келесі әдістер қолданылды: сипаттамалық, модельдеу, сауалнамалық, салыстырмалы. Жүргізілген жұмыстардың нәтижелері діни білімнің Қазақстанның тарихи процесінде діни-ұлттық болмыстың қалыптасуында рөл атқарып қана қоймай, өзінің ұзақ тарихы мен маңызды ұстанымына байланысты зайырлылық үдерісіндегі реформалардың орталығына айналғанын анықтады. Діни контексттегі білім беру жағдайы зайырлы қоғамда оның құлдырауын ескере отырып, үнемі өзгеріп отырады. Дегенмен, исламдық білім үлгілері арасындағы бәсекелестік тенденциясын ескере отырып, халықтың қоғамдық өміріндегі діни мәртебе әлі де біртіндеп өсуде. Осыған байланысты Қазақстандағы исламдық оқу орындарының оқушылары мен студенттері арасында сауалнама жүргізілді, бұл исламдық тұлға үлгілерінің әртүрлі санында ұсынылған тәрбиелік және адамгершілік құрамдастардың ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ философиялық білім беру ағымдары қазіргі зайырлы қоғамға бейімделіп, әртүрлі курстар, дүниежүзі тарихын және шет тілдерін оқыту арқылы білім алу мүмкіндіктерін кеңейтіп жатқаны анықталды. Осылайша, мәдени-шығармашылық парадигма Қазақстандағы оқу орындарының үлгілерінде исламдық негізді сактай отырып, демократиялық көзқарастарды діни нанымдармен үйлестіруге тырысады.

*Түйін сөздер:* зайырлы қоғам, исламдық білім үлгілері, ислам философиясы, адамгершілік қасиеттері, рухани-мәдени сипаты.

*Жолмухан Т.М., Кайрбеков Н.Э., Ибраһим Марас*

#### **Проектирование технологии культуротворческой парадигмы исламского образования в развитии воспитательного потенциала личности в Республике Казахстан**

*Аннотация.* Вопрос изучения духовных и культурных образовательных составляющих в Республике Казахстан обусловлен тенденциями роста исламских этнических инструментов, которые занимают особое место в религиозном развитии личности как субъекта нравственного и воспитательного феноменов. Цель исследования – проанализировать особенности духовно-нравственных моделей исламского образования, учитывая воспитательную функцию обучения и секулярное общество Казахстана. Для достижения исследовательских целей были использованы такие методы: описательный, моделирование, опрос, сопоставительный. Результаты работы определили, что религиозное образование не только сыграло роль в формировании религиозной и национальной идентичности в историческом процессе Казахстана, но и стало центром реформ в процессе секуляризации из-за своей долгой истории и важного положения. Образовательная ситуация в религиозном контексте претерпевает постоянные изменения, учитывая ее снижение в секулярном обществе. Однако, религиозный статус в общественной жизни народа все же постепенно растет, учитывая тенденцию конкуренции между исламскими моделями обучения. В связи с этим, был проведен опрос учеников и студентов исламских учреждений в Казахстане, который позволил выделить особенности воспитательной и нравственной составляющих, что представлены в разном количестве исламских моделей личности. Также было определено, что философские образовательные течения подстраиваются под современное секулярное общество, расширяя свои обучающие возможности за счет различных курсов, изучения всемирной истории и иностранных языков. Так, культуротворческая парадигма пытается соединить демократические взгляды с религиозными убеждениями, сохранив при этом исламскую основу в моделях учебных учреждений Казахстана.

*Ключевые слова:* секулярное общество, модели исламского образования, исламская философия, нравственные качества, духовно-культурный характер.

## ЭТНИКАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ: ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРАКТИКАСЫ

<sup>1</sup>Накипбаева Жанар Абдуакановна, <sup>2</sup>Садвокасова Айгул Какимбековна

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Астана, Қазақстан)

<sup>2</sup>Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты (Астана, Қазақстан)

<sup>1</sup>zhanarnakipbayeva@gmail.com, <sup>2</sup>aigul.sad.astana@gmail.com

<sup>1</sup>Nakipbayeva Zhanar, <sup>2</sup>Sadvokassova Aigul

<sup>1</sup>L.N.Gumilyov Eurasian National University Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Institute of Applied Ethnopolitical Research, Astana, Kazakhstan

<sup>1</sup>zhanarnakipbayeva@gmail.com, <sup>2</sup>aigul.sad.astana@gmail.com

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақстандық қоғамдағы толеранттылықты және оған әсер ететін факторларды анықтау бойынша жүргізілген далалық зерттеудің әдіснамасы мен дизайны, зерттеуді ұйымдастыру, өткізу кезеңдері, далалық жұмыстағы кездесетін негізгі мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, мақалада толеранттылық ұғымының тұжырымдамасы берілді, оның шетелдік тәжірибедегі өлшеу индекстері мен әдістері қарастылды.

Бұл мақаланың мақсаты этносаралық қарым-қатынастар бойынша зерттеу жүргізумен айналысатын мамандарға, жоғары оқу орындарында әлеуметтік ғылымдар бойынша қызмет атқаратын оқытушыларға, білім алатын студенттерге, жалпы этносаралық, мәдениетаралық саланың, сонымен қатар толеранттылықтың теориясы мен тәжірибесіне қызығушылық танытанын мамандарға далалық зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу бойынша әдіснамалық және тәжірибелік бағдар беру болып табылады.

Мақаланың жаңашылығы – қазақстандық ғылыми кеңістікте мәдениетаралық қарым-қатынастарды зерттеудің әдіснамасы мен дизайнының, сонымен қатар іріктемесінің, әдістерінің алғаш рет ашық ұсынылуында. Сондай-ақ мақала әдіснама және далалық зерттеудің әр кезеңін ұйымдастыру, жүргізу бойынша зерттеушілердің өз тәжірибелерін ашық ұсынуымен ерекшеленеді.

**Түйін сөздер:** этникалық толеранттылық, далалық зерттеу кезеңі, зерттеу дизайны, әдіснама, әралуандылық, этникалық топтар, қазақстандықтар, ұлт.

### Кіріспе

Этникалық толеранттылық қазақстандық қоғам үшін әрдайым күн тәртібінде тұрды. Өйткені әлеуметтік-демографиялық құрамы 100-ден асатын этникалық топтардан құралған ел үшін [1] бірлік пен келісімді



камтамасыз етуге, шиеленістердің алдын алуға, барлық этникалық топтардың мәдениеттері мен құндылықтарына құрмет көрсетуге негізделген әралуандылықты басқарудың сәтті саясатын қалыптастыру маңызды болды. Осы әралуандылықты басқарудың басты қағидаттарының бірі де өзара толерантты қоғамды қалыптастыруға негізделді.

Бұл мәселе қазақстандық ғылыми кеңістікте де кең талқыланған. Осы уақыт аралығында Қазақстанда этникалық толеранттылықтың саяси аспектісін, психологиялық ерекшеліктерін, оның маңыздылығын, тәжірибесі мен перспективасын, шекаралық және полиэтникалық аймақтардағы көрінісін сипаттаған, талдаған еңбектер жарық көрген. Бұл еңбектердің арасында жалпы қазақстандық, оның ішінде әсіресе этникалық толеранттылыққа салыстырмалы талдау жасалған басылымдар жиі кездеседі. Сонымен қатар әдебиеттерге шолу жасау әдісі этникалық толеранттылық мәселесіне қызығушылық танытатын қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілердің басым бөлігінің оның білім беру саласы мен студенттер арасындағы көрінісіне көбірек назар аударғанын да көрсетіп отыр.

Қазақстан үшін қоғамдағы толеранттылықтың сипаты мен деңгейін үнемі зерттеп, талдап отыру тек оның полиэтникалық құрылымы үшін ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан әлемдік деңгейде ашықтық пен келісім саясатын ұстана отырып, жаһандық процесстерге белсенді қатысатын ел болғаны үшін де маңызды. Сондықтан Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан жас ғалымдардың зерттеулерін қаржыландыру гранты «Жас ғалым» аясында жүзеге асырылып отырған «Жаһандану және жаңа көші-қон жағдайында көпэтносты Қазақстандағы интеркультурализм және толеранттылық» жобасы жаһандану және жаңа көші-қон жағдайында Қазақстандағы әралуандылықты басқару бойынша негізгі тенденциялар мен мәселелерді, соның ішінде интермәдениеттілік концепциясын талдауға, интермәдени ортаны қалыптастырудағы толеранттылықтың мүмкіндіктерін анықтауға, шетелдік тәжірибелерді саралауға бағытталды. Осы жоба аясында қазақстандықтардың арасындағы этникалық толеранттылықтың сипаты мен оған әсер етуші факторларды түсіну, оның өзгеру тенденцияларын болжау және толеранттылықты күшейтудегі қазақ халқының потенциалын анықтау мақсатында 2023 жылының наурыз - мамыр айлары аралығында Қазақстан аймақтарында далалық зерттеу жүргізілді.

Мақалада «Жаһандану және жаңа көші-қон жағдайында көпэтносты Қазақстандағы интеркультурализм және толеранттылық» жобасы шеңберінде жүргізілген далалық зерттеудің әдіснамасы мен дизайнын даярлау кезеңі, оны ұйымдастыру, өткізу, зерттеу барысындағы негізгі мәселелер талқылауға ұсынылды. Сондай-ақ, мақалада зерттеу әдіснамасы мен дизайнын даярлау кезеңіндегі толеранттылық ұғымының қолдану шеңбері талданды, оның шетелдік тәжірибеде өлшеу индекстері мен әдістері қарастылды.



Ұсынылып отырған мақала этносаралық қарым-қатынастар бойынша зерттеу жүргізумен айналысатын мамандарға, жоғары оқу орындарында әлеуметтік ғылымдар бойынша білім алатын студенттерге, жалпы этносаралық, мәдениетаралық саланың, сонымен қатар толеранттылықтың теориясы мен тәжірибесіне қызығушылық танытанын мамандарға пайдалы болу мақсатында даярланды.

### **Әдіснама**

Ұсынылып отырған мақала сипаттамалық талдау әдісіне негізделді. Мақалада толеранттылықты зерттеу кезеңіндегі алғашқы қадам – әдіснаманы құрастыру мен негізгі кезең – далалық зерттеу процесіндегі жеке қолданбалы (эмпириялық) тәжірибелер сипатталды.

### **Зерттеудің маңыздылығы**

Қазақстандық қоғамдағы этникалық толеранттылыққа аса мән беріп, әрдайым күнтәртiбiнде жаңартып отырудың және оны «Жаһандану және жаңа көшi-қон жағдайында көпэтносты Қазақстандағы интеркультурализм және толеранттылық» жобасы аясында зерттеудің бірнеше негізгі себептері бар:

*Біріншіден, қазақстандық қоғамдағы этникалық және географиялық диспропорцияның болуы немесе көптеген этникалық топтарда жинақы өмір сүру стилінің сақталуы.* Қазақстанның этникалық құрылымын географиялық бөліністе қарағанда олардың орналасуында да аймақтық ерекшеліктер бар екенін көруге болады. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ұсынған 2023 жылдың басындағы жеке этностар бойынша Қазақстан Республикасының халқының санының аймақтық бөлінісі бойынша статистикалық мәліметтеріне [2] жасалған талдау этникалық топтардың Қазақстанның аймақтарында әртүрлі орналасқанын, яғни елде этнодемографиялық орналасуда баланстың сақталмағанын көрсетеді. Мысалы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау секілді облыстарда халық санының басым бөлігін (90%-дан жоғары) қазақтар құрайтын болса, Солтүстік Қазақстан облысында орыстардың саны басымдық танытады, яғни облыс халқының жалпы санының 44,4%-ы этникалық орыстар. Полиэтникалық құрылымдағы облыстарда да дисбаланс байқалады. Этникалық колорит бар аймақтарда бірқатар этностық топтар азшылықты құрағанымен, олардың шоғырланып және оқшауланып өмір сүретінін атып өту керек. Мысалы, Қазақстандағы үшінші үлкен топты құрайтын өзбек этносының 59%-ға жуығы (643 363 адам) Түркістан облысында, 29%-дан астамы Шымкент қаласында орналасқан. Сонымен қатар, осы Түркістан облысы

және Шымкент қаласында орналасқан өзбек этносының басым бөлігі Сайрам, Сауран аудандары, Түркістан қаласы, Кентау қалалық әкімшілігінде және Сайрам тұрғын үй ауданында өмір сүреді. Бесінші ірі этнос - ұйғырлардың жалпы саны ел бойынша 297 138 адам, олардың ең көп бөлігі Алматы облысы (40%) мен Алматы қаласында (39,2%) өмір сүреді. Алматы облысы бойынша олар Еңбекшіқазақ (49 621 адам), Ұйғыр (35 317 адам) және Талғар (21 741 адам) аудандарында шоғырланып орналасқан. Ал, дүнген этностық тобының мүшелерінің саны 81 738 адам болса, оның 59 457-сі, яғни 78%-ы Жамбыл облысында тұрады. Осы 78%-дың басым бөлігі Қордай ауданы Масанчи ауылында өмір сүруде.

Қазақстан Республикасының президенті Қ.-Ж.Тоқаев осы этнодемографиялық бөліністі ескере отырып, өзінің 2021 жылғы ҚХА кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде этникалық топтардың жинақы тұруының олардың әлеуметтік-мәдени оқшаулануына ықпал ететінін, ал бұл өз кезегінде этникалық анклавтардың, мәдени және тілдік кедергілердің пайда болуына, ұлтаралық шиеленістің, тіпті қақтығыстардың күшеюіне жол ашатынын атап өтті [3];

*Екіншіден, әлеуметтік желілердің этникалық қарым-қатынастардың дамуына жағымсыз әсер етуі.* Рубан А.Л. [4], Сченснович В.Н. [5], Сеитжелиева З.Н. [6], Леденева В.Ю. [7] және басқа да бірқатар ғалымдар өз еңбектерінде БАҚ және әлеуметтік медиа каналдарының қоғамдық пікірді қалыптастыра отырып, этносаралық қарым-қатынастың дамуына жағымды, жағымсыз әсерін сипаттаған. Шын мәнінде де қазақстандық шынайылық көрсетіп отырғандай, БАҚ пен әлеуметтік желілердің шекарасының кенеюі қазіргі таңда ақпараттың манипуляциялануы мен қоғамдағы сан алуан өзекті мәселелерге этносаралық реңк беруге алып келіп отыр. Бүгінде қоғам өміріндегі түрлі мәселелер қазақстандық медиа кеңістікте жылдам тарап, халық арасында қызу талқылануда. Олар көбінесе этносаралық теңсіздік аясында пікірталас нысанына айналып, қоғамдық сананы манипуляциялау құралы ретінде әрекет етеді. Өкінішке орай, бұл қазақтар және этнос өкілдері арасында өзара мобилизациялану мен қысымның күшеюіне алып келуде. Оған Қордай оқиғасы орын алмай тұрып алдын ала әлеуметтік желілерде тараған қазақтар мен дүнген өкілдерінің арасындағы тұрмыстық шиеленістің, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пиджим ауылындағы қазақ-ұйғыр мектеп оқушылары арасындағы төбелестің видеоларының (21.10.2021ж.) таралу салдары мысал бола алады.

*Үшіншіден, иммиграцияның артуы.* Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызмет комитетінің 2022 жылғы жариялаған мәліметтеріне сәйкеселде 650 000 шетелдік уақытша өмір сүруге тіркелген. Сонымен қатар, осы Комитеттің мәліметтері бойынша иммигранттардың саны соңғы жылда артып отыр [8]. Елдегі иммигранттардың санының артуын Ресей мен Украина арасындағы жағдаймен байланыстыруға бола-

ды. Мысалы, 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап Ресейдегі жаппай жұмылдырудан соң елге 837 мың ресейлік кірген [9]. Иммигранттардың елде санының артуы мәдениетаралық және этносаралық қарым-қатынастар саласына да әсер етеді. Біріншіден, шиеленістер көп жағдайда иммигранттар көп орналасқан аймақтарда жиі орын алады. Өйткені, қоныс аударушылар, әдетте, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескермейді, бұл қабылдаушылардың немесе жергілікті халықтың теріс көзқарасын тудырады [10]. Екіншіден, Ресей мен Украина арасындағы жағдайға қатысты қазақстандықтар әртүрлі позицияны ұстанып отыр. Көзқарастардың дихотомды болуы және ресейлік биліктің Украинаға қатысты қабылдаған әр саяси шешімі халық арасында жағымсыз стереотиптер мен пікірлерді қалыптастыруы және күшейтуі мүмкін. Бұл стереотиптер мен пікірлер ресейлік биліктің әрекетін Қазақстанға келген ресейлік азаматтарға немесе қазақстандық этникалық орыстарға да проекциялау арқылы шиеленісті тудыру қаупін арттырады.

Жаһанданудың негізгі көріністерінің бірі болып табылатын халықаралық көші-қонның күшеюі мен ақпараттық технологиялардың дамуы қазіргі таңда мәдениетаралық қарым-қатынастардың тұлғалар арасында құрылуына шекаралардың кедергі емес екендігін дәлелдеді. Қазіргі таңда Қазақстан да жаһандық құбылыстар қалыптастырып отырған халықаралық байланыс, трансұлттық ынтымақтастық, әлемдік туризм, халықаралық көші-қон секілді тәжірибелерді белсене дамытуда. Бұл тәжірибелер өз кезегінде қарапайым халық арасында мәдениетаралық достық, аралас неке, шетелде білім алу, өмір сүру секілді түсініктердің жайылуына және жағымды-жағымсыз қабылдануына себеп болып отыр. Дегенмен, осы типтегі мәдениетаралық қарым-қатынастардың орнауы Ted Cantle [11, 1 б.] бойынша шиеленістер арқылы жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан, құрамыполиэтникалық болып табылатын Қазақстан үшін этникалық толеранттылықты дамытуда жаһандық үрдістер және көші-қон қозғалысын ескеру, оны үнемі зерттеп, зерделеу мәдени жақындасу мен диалогтың шиеленіссіз жүзеге асуын, қауіп-қатерлердің алдын алуын қамтамасыз етеді.

### ***Зерттеу шеңберінде «этникалық толеранттылық» ұғымының тұлғарымдалуы***

Әлемдік контексте географиялық шекаралар мен мәдени шекараларды бір біріне жақындатып, әралуан мәдениеттерді бір бірімен тығыз қарым-қатынасқа тәуелді еткен қазіргі жаһандану жағдайында толеранттылық ең көп талқылануы керек маңызды ұғым. Өйткені, қазіргі таңда әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мәдениеттер ғана емес бір индивидтің басқа мәдениеттерге, конфессияларға, нәсілдерге, географиялық аймақтарға,

гендерлік бірегейлікке төзімсіздік танытуы фанатизм, дискриминация, этноцентризм, агрессивті национализмге теңестіріліп, топтар арасында, тіпті кейде мәдениеттер арасында қарым-қатынастың әлсіреуіне, шиеленістердің пайда болуына алып келіп отыр. Осы тұста Verkuyten және әріптестері толеранттылықтың екі тұрғыда маңыздылығын атап өткен: біріншісі, әлеуметтік шиеленістердің алдын алу, екіншісі, әртүрлі топтар арасында бір бірінің теңдігі мен құқықтарына деген сыйластықты қалыптастыру [12].

Жалпы, толеранттылық заман талабына сай, жеке адамның, топтың, жалпы қоғамның жоғары рухани және интеллектуалдық дамуының белгісі болып саналады [13, 132 б.].

Әлемдік тәжірибеде этникалық толеранттылықты әртүрлі тұжырымдай отырып, оны зерттеуде көптеген ыңғайларды ұсынған. Жалпы, ғалымдар толеранттылықтың кең тараған екі тұжырымдамасына сілтеме жасайды. Біріншісі, толеранттылықты ұнатпайтын аут топқа немқұрайлылықпен қарау, ал екіншісі, толеранттылықты әралуандылықты жағымды қабылдау ретінде анықтайды. Яғни, бірінші тұжырым индивидтердің әралуандылықты мойындамауына қарамай оған жағымды қарым-қатынас жасауды білдіреді, екіншісі индивидтердің бойында әралуандылықты болмыс ретінде түсініп, оны ең басынан оң қабылдауымен байланысты [14]. Velthuis, Verkuyten және Smeekes [15] дәл осындай тұжырымдаға келсе де, оны бірге өмір сүру (coexistence tolerance) мен сыйластық (respect tolerance) арасындағы пікірталас ретінде көрсеткен. Ал, Круглов А.В. болса тұжырымдамаларды кеңейте отырып, толеранттылықтың төрт сипатын береді: біріншіден, төзімділік-бұл немқұрайлылық; екіншіден, толеранттылық ең жақсы түсінудің мүмкін еместігі ретінде қабылдана алады; үшіншіден, толеранттылық – басқаларға төзімді болу; төртіншіден – сыни диалогты дамыту, яғни әр мәдениеттің құндылықты және когнитивті жүйе екенін түсіну [16, 41 б.].

Hjerm және әріптестері [14] толеранттылықты әртүрлілікті қабылдау, құрметтеу және бағалау секілді үш өлшемді көрініс табатын құндылықтық бағдар ретінде тұжырымдап, оны алалаушылықтан (prejudice) бөлек қарастыруды ұсынады. Олар ұстанған ыңғайға сәйкес толеранттылық тек нақты аут топтарға, идеяларға, мінез-құлықтарға қатысты қарым-қатынасты көрсетпейді, ол қоғамдағы және қоғамдар арасындағы төзімділікті талдайды.

Әлемдік әдебиеттерде толеранттылықты әртүрлі факторлармен байланыстыра отырып қарастырады. Мысалы, Czerpil, Karpenko және әріптестері [17, 115 б.] этникалық толеранттылықты отбасылық тәрбие, басқа этникалық топ өкілдерімен жағымды қарым-қатынас, мәдениетаралық ерекшеліктерді білу, шетелге саяхаттау, жоғары оқу орнында білім алу қалыптастыратынын алға тартқан. Frølund Thomsen топаралық байланыстардың индивидтер арасында басқаларды қауіп ретінде қабылдауды төмендетіп, толеранттылықты жоғарылатынын тұжырымдаған [18, 160 б.]. Matthews және Wilson [19, 55 б.]

этносаралық достық пен этносаралық неке құру, мәдениетаралық мереке-лерге қатысудың толеранттылықпен байланысын көрсеткен. Kalin және Berry де осыған ұқсас пікірді ұсына отырып, топаралық қарым-қатынастарды жақсартатын географиялық мобильділіктің толеранттылыққа жағымды әсерін сипаттаған [20]. Авторлар индивидтердің мемлекет ішінде немесе шетелдерге көшіп-қонуы арқылы әртүрлі мәдениеттермен танысатынын, сол арқылы мәдени әралуандылықты қабылдауды үйренетінін атап өткен. Хунагов және әріптестері [21] болса, этникалық стереотиптердің толеранттылықпен байланысын көрсете отырып, олардың этносаралық қарым-қатынасты әлсірететінін сипаттаған.

Breslavs этникалық толеранттылықты алты фактормен байланыстыра отырып қарастырған: 1) этникалық топқа теріс көзқарас, сондай-ақ айқын теріс көзқарастар пен нақты қауіптерді қамтиды; 2) теріс стереотиптер; 3) символдық қауіптер; 4) топаралық мазасыздықты қоса алғанда, жасырын жалған нанымдар; 5) оң стереотиптер; 6) жағымды қатынас [22, 594 б.].

Kasara өз еңбегінде этникалық топтардың бірге немесе бөлек өмір сүруінің индивидтер арасындағы сенім деңгейіне әсерін зерттей отырып, олардың арасындағы толеранттылықты өлшеген [23]. Оған сәйкес этникалық әралуандылық басым елді-мекендердегі индивидтер бір біріне сенім артады, ал сегрегация бар жерде сенім деңгейі төмен, сәйкесінше толеранттылық деңгейі де төмен.

Зерттеу аясында этникалық толеранттылық қоғамдағы әралуандылықты болмыс ретінде түсініп, оны ең басынан оң қабылдау тұжырымына негізделді. Толеранттылықты басқа тұжырымдарға сәйкес «төзімділік, жай ғана бір қоғамда өмір сүре отыра, индивидтердің немесе топтардың бір-біріне немқұрайлы қарауы» ретінде түсіндіру: біріншіден, оны тану және зерттеу перспективасын төмендетеді. Немқұрайлылықты қоғамдық пікірдің «таразысында» тұрған жағымды немесе жағымсыз көзқарас ретінде түсіну дұрыс, яғни халық арасындағы немесе медиа алаңдағы этносаралық саланы қамтитын триггерлердің, жағымсыз стереотиптердің күшеюі немқұрайлылықты төзімсіздікке өзгертуі мүмкін. Бұл жағдайда немқұрайлылық әлсіз позиция ретінде қабылданады; екіншіден, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарынан бері толеранттылықты негізге ала отырып, әралуандылықты жағымды қабылдауға бағытталған этносаралық қарым-қатынастар саласындағы саясатының нәтижесін жоққа шығару болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы «этникалық толеранттылық» Hjerth және әріптестері ұсынған әралуандылықты қабылдау, құрметтеу және бағалау қағидағарына негізделді және «қоғам мүшелерінің мәдени әралуандылықты саналы түрде бағалауы, қабылдауы және оған конструктивті тұрғыда жағымды жауап беруі» ретінде анықталды.

Зерттеуде жоғарыда көрсетілген толеранттылықпен байланысы бар барлық факторлар ескеріле отырып, келесідей мәселелік сұрақтар тізбектелді: қоғам мүшелері бір бірін тарихи, әлеуметтік-мәдени контекстте таниды ма? Олардың арасында этносаралық қарым-қатынас, диалог, өзара әрекеттестік бар ма? Әртүрлі этнос өкілдері өз аймағындағы этникалық толеранттылықты қалай бағалайды? Олардың ойынша жергілікті қоғам толерантты ма? Толеранттылықты қалай интерпретациялайды? Жергілікті қоғамдарда дискриминация, теңсіздіктің кез келген формасы, этникалық ерекшеліктерге негізделген шиеленістер, күш көрсету, бөлінушілік, жағымсыз стереотиптер көрініс табады ма? Жергілікті халықты қандай факторлар біріктіреді немесе бөледі? Толеранттылықтың күшеюіне немесе әлсіреуіне қандай факторлар әсер етеді? Этникалық толеранттылық этностар аралас орналасқан қауымдастықтарда дамыған ба, жоқ әлде керісінше, этностар жинақы орналасқан аймақтарда ма? Қазақстандық қоғамдағы толеранттылықтың динамикасы байқалады ма? Байқалатын болса, қандай тенденциялар бар?

Мәселелік сұрақтар зерттеудің гайдын жасауға негіз болды.

### ***Зерттеуде қолданылған ыңғай және әдістер***

Толеранттылықты зерттеудің тәжірибесіне назар аударғанда шетелдік ғалымдардың басым бөлігі оны сандық ыңғайдың әдістері арқылы өлшеуге тырысқан. Жаппай сұрау әдісін қолданғанда ғалымдар этникалық толеранттылықты көп жағдайда Ликерт және Богардус шкалаларына сүйенген.

Қазақстандық кеңістікте толеранттылық күн тәртібінде үздіксіз қайталанып отырғанымен, оның әлі де теориялық-эмпириялық зерттеу пәніне айналмағанын байқауға болады. Қазақстандық толеранттылыққа бағытталған еңбектердің оның аспектілерін, перспективаларын, тәжі-рибесін, рөлін қарастыруға көбірек мән бергенін байқауға болады. Бұл еңбектерде толеранттылықты түсінуде шетелдік, әсіресе ресейлік еңбектерге шолу жасау, екінші реттік мәліметтерге сүйену жиі кездеседі.

Әдебиеттерге шолу жасау барысында қазақстандық қоғамдағы этникалық толеранттылықтың бүгінгі деңгейін, жағдайын, тенденцияларын, оған әсер ететін факторлар мен себептерді нақты ашып көрсететін зерттеулер қолжетімді болмағанымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасында Қазақстан этностары арасындағы толеранттылық деңгейінің 2021 жылы 67%-ды құрайтыны көрсетілген, ал 2026 жылға жоспарланған көрсеткіш – 69,5%. Тұжырымдамада толеранттылықты өлшеу әдісі мен әдіснамасы, зерттеуді жүргізуге жауапты ұйым туралы мәлімет берілмеген. Дегенмен, толеранттылықтың деңгейінің нақты көрсеткішінің Тұжырымдамада халыққа ұсынылуы, елімізде оны үздіксіз бақылайтын құралдың қалыптасқанын көрсетеді.



«Жаһандану және жаңа көші-қон жағдайында көпэтносты Қазақстандағы интеркультурализм және толеранттылық» тақырыбы аясында жүргізілген далалық зерттеуде сапалы ыңғайдың тереңдетілген әдісі қолданылды.

Жалпы, әлеуметтанушылар сапалы зерттеу әдістерін қолдану арқылы нақты сандық мәліметтер емес, құбылыстың себеп-салдарын, мазмұнын түсінуде зерттеліп отырған объектінің ойын, пікірін кенірек талдауға мән береді. Сапалы зерттеулер индуктивті сипатқа ие. Сондықтан да бастапқы құрылған тұжырымдар далалық зерттеу кезеңінде пайда болған жаңа ойлар мен идеялардың негізінде өзгеріске ұшырап, толықтырылып отырады [24].

Сонымен қатар, сапалы зерттеулер кіші топтарды, бұрын зерттелмеген құбылыстарды, объектілерді түсінуде ұтымды болып табылады.

Ұсынылып отырған зерттеудің пәні осы уақытқа дейін Қазақстанда толық, әрі жүйелі қарастылмағандығы, сонымен қатар зерттеу объектілері жинақы орналасқандығы және олардың аз көлемді қамтитындығы ескеріле отырып, осы далалық зерттеуде сапалы зерттеу әдісін қолдану шешімі қабылданды.

Зерттеудің **объектісі** болып 18 жастан асқан қазақстандық азаматтар, оның ішінде өзбек, ұйғыр, күрд, тәжік, дүнген этникалық топтарының өкілдері анықталды. Бақылау тобы ретінде қазақтар да зерттеу объектісінің қатарына кірді. Бұл этникалық топтарды зерттеу объектісі ретінде таңдауда бірнеше факторларға мән берілді: 1) олардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері; 2) шиеленістерде көрініс табуы; 3) жинақы өмір сүру белгілерінің болуы.

Зерттеу барысында Kasara [23, 923 б.] тұжырымына сәйкес полиэтникалық және моноэтникалық аймақтардағы халық арасындағы толеранттылықты түсіну үшін халықтың орналасу сипаты да ескерілді. Осыған орай зерттеу Түркістан облысында қазақтар, өзбектер, тәжіктер, Жамбыл облысында қазақтар, дүнгендер мен күрдтер және Алматы облысында қазақтар мен ұйғырлар бөлек және аралас өмір сүретін елді-мекендерде жүргізілді.

Зерттеудің **негізгі әдісі** ретінде тереңдетілген сұқбат әдісі қолданылды. Өйткені, бұл әдіс сұқбат берушімен әңгімелесу барысында, қажет болған жағдайда алдын ала дайындалған нұсқаулықтан (гайд) ауытқып, пайда болған жаңа және маңызды сұрақтарға назар аударуға мүмкіндік беру арқылы сарапшыға мәселені тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, сұқбат барысында респондент дүкенде әртүрлі этнос өкілдері арасында орын алған және сарапшы білмеген жанжал тақырыбын қозғауы мүмкін. Бұл жағдайда сарапшы осы қақтығыстың тақырыбын жалғастыру арқылы, осы аймақтағы этносаралық мәселені толығырақ түсіне алады [25, 61 б.].

Сұқбат әдісі алдын ала дайындалған нұсқаулық-сауалнама (гайд) негізінде жүргізілді. Сауалнама тұжырымдама барысында құрастырылған мәселелік сұрақтар негізінде дайындалды.

Сонымен қатар, **қосымша әдіс** ретінде бақылау әдісі де қолданды. Бақылау әдісі зерттеу барысында алынған мәліметтердің шынайылыққа сәйкес келіп,

келмейтінін анықтауға, қосымша сұрақтардың пайда болуына және сыни ойлауды қалыптастыруға көмектеседі. Осы далалық зерттеу барысында ауыл-аймақтардағы визуалды фактілер (ескерткіштер, көше атаулары, саудасаттық орындарының орналасу ерекшеліктері мен атаулары, билбордтардағы жарнамалардың мәні мен жариялым тілі және т.б.) анализ жасалды.

Сапалы зерттеудің сандық зерттеулерден ерекшелігі - нақты іріктемеге негізделмеуінде. Сапалы зерттеу барысында зерттеуші нақты, алдын ала белгіленген іріктеменің сақталуына емес, ақпараттың толық болуына мән береді. Бұл зерттеуде де осы қағидат ұстанды. Яғни, зерттеуші ақпараттар жан-жақты жиналып, сұрақтарға бірдей жауаптар беріліп, жаңа идеялар мен ойлар қайталана бастағанда ғана зерттеуді тоқтатуды негізге алды.

Сонымен, зерттеуге жалпы саны 100-ден аса сұқбат беруші қатысты. Зерттеу барысында қоғамдық пікірдің жан-жақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ халықтың барлық категориясының пікірін тыңдау үшін сұқбат берушілердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, әлеуметтік категорияларына мән берілді.

Зерттеудің нақты өткізілу **ареалы**:

Түркістан облысы бойынша: полиэтникалық аймақтар – Түркістан қаласы және Мақтааралы ауданы, Тукумов ауылы; моноэтникалық аймақтар – Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы және Мақтааралы ауданы, Гүлістан ауылы.

Жамбыл облысы бойынша: полиэтникалық аймақтар – Жамбыл ауданы, Гродеково ауылы және Қордай ауданы, Қаракемер ауылы; моноэтникалық аймақтар – Талас ауданы, Қасқабұлақ ауылы және Қордай ауданы, Масанчи ауылы.

Алматы облысы бойынша: полиэтникалық аймақтар – Талғар ауданы, Рысқұлов ауылы; моноэтникалық аймақтар – Ұйғыр ауданы, Сүмбе ауылы және Ақсу ауылы.

### *Далалық зерттеуді жүргізу барысында туындаған мәселелер*

Далалық зерттеуді жүргізу әрдайым зерттеуші үшін қызық, әрі қиындықтарды қамтитын тәжірибе болып саналады. «Жаһандану және жаңа көші-қон жағдайында көпэтносты Қазақстандағы интеркультурализм және толеранттылық» жобасы шеңберінде далалық зерттеуді жүргізу барысында зерттеушіге бірнеше мәселелер уақыт және ресурс тұрғысынан қиындықтар туындатты: біріншіден, зерттеуші зерттеу жүргізіп отырған аймақтармен жақсы таныс болмағандықтан елді-мекендерді, мекен-жайларды табуда қиындықтарға тап болды; екіншіден, жергілікті халық зерттеушіні танымағандықтан сұқбат беруден жиі бас тартты. Сондықтан зерттеуші әсіресе этникалық топтар жинақы орналасқан аймақтарда этномәдени бірлестіктердің өкілдері, топ белсенділері, ауыл ақсақалдары, әкімшілік және басқа да қоғамдық институттар өкілдерінің көмегіне жүгініп отырды;

үшіншіден, моноэтникалық елді-мекендердегі кейбір этникалық топтармен сұқбат жүргізуде тілдік мәселе туындады. Жергілікті этникалық топ өкілдерінің арасында мемлекеттік немесе орыс тілін еркін білмегендіктен өз ойларын еркін жеткізуде, қойылған сұрақтарды түсіну-де қиыналғандар кездесті. Бұл мәселені шешуде зерттеуші тілді жетік меңгерген мамандардың көмегіне жүгінді; төртіншіден, моноэтникалық елді-мекендерде халықтың басым бөлігі зерттеушіге сенімсіздікпен қарағандықтан, сұқбат барысында ұзақ уақыт бойы жасырын немесе қысқа жауаптар беру арқылы ашықтық танытпады. Осындай жағдайларда зерттеуші сұқбат берушінің сеніміне кіру және онымен байланыс орнату үшін әртүрлі психологиялық әдістерді қолданды.

### ***Қорытынды***

Бұл мақалада «Жаһандану және жаңа көші-қон жағдайында көпэтносты Қазақстандағы интеркультурализм және толеранттылық» тақырыбы аясында жүргізілген далалық зерттеудің әдіснамасы мен дизайнын даярлау, зерттеуді ұйымдастыру, өткізу кезеңдерімен қатар оны жүргізу барысындағы негізгі мәселелер талқыланды.

Зерттеу шеңберінде «этникалық толеранттылық» шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге шолу жасау арқылы әралуандылықты қабылдау, құрметтеу және бағалау қағидаттарына негізделді және «қоғам мүшелерінің мәдени әралуандылықты саналы түрде бағалауы, қабылдауы және оған конструктивті тұрғыда жағымды жауап беруі» ретінде анықталды.

Далалық зерттеу барысында жиналған мәліметтерді өңдеу және талдау МАХQDA бағдарламасы бойынша жүзеге асырылу жоспарлануда. Бұл өңделген және талданған әлеуметтанулық мәліметтер монография және басқа да ғылыми мақалаларда жарияланатын болады.

Этносаралық толеранттылықты қамтитын қазақстандық ғылыми еңбектерді талдаудың қорытындысы бүгінге дейін бұл мәселені зерттеудің әдіснамасы мен дизайнын ұсынған еңбектердің жарияланбағанын көрсетті. Бұл мақала әдіснамамен қатар далалық зерттеудің әр кезеңін ұйымдастыру және жүргізу бойынша зерттеушілердің өз тәжірибелерін ашық ұсынуымен ерекшеленеді.

### ***Зерттеуді қаржыландыру көзі***

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан жас ғалымдардың зерттеулерін қаржыландыру гранты «Жас ғалым» жобасы аясында жүзеге асырылды. Жоба атауы: «Интеркультурализм и толерантность в полиэтническом Казахстане в условиях глобализации и новых миграционных вызовов» (AP14972677).

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 1014 Жарлығы. 2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001014>

2 Численность населения Республики Казахстан по отдельным этносам на начало 2023 года. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/spreadsheets/?year=2022&name=18633&period=&type=>

3 «Касым-Жомарт Токаев: Компактное проживание этносов приводит к возникновению анклавов, языковых барьеров», Азаттық рухы, 2021 [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://rus.azattyq-ruhy.kz/politics/29558-kasym-zhomart-tokaev-kompaktnoe-prozhivanie-etnosov-privodit-k-vozniknoveniiu-anklavov-izykovykh-barerov> (дата обращения 21.10.2021).

4 Рубан А.Л. Влияние социальных сетей на межэтнические отношения // Russian Economic Bulletin. – 2(3). – 2019. – С. 108-111.

5 Сченснович В.Н. Межэтнические отношения и СМИ в России (аналитический обзор) // Россия и мусульманский мир, 2023. – С. 18-26.

6 Сеитжелиева З.Н. Особенности межэтнических отношений в социальных сетях // Ученые записки. Крымского инженерно-педагогического университета. – 1(7). – 2017. – С. 137–139.

7 Леденева В.Ю. Отражение проблем межэтнических отношений в российских СМИ // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 16(1). – 2022. – С. 128-137. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://doi.org/10.22394/2073-2929-2022-01-128-137>

8 «ПМ-де елдегі көші-қон жағдайы туралы айтылды». Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызмет комитеті [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/migration/press/news/details/479277?lang=kk> (дата обращения 21.12.2022).

9 «Минтруд: 830 тысяч россиян прибыли в Казахстан со дня объявления мобилизации. Ранее заявляли – 400 тысяч», Радио Азаттық [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://rus.azattyq.org/a/32174503.html>(дата обращения 13.12.2022).

10 Лучшева Л.В. Современные концепты причин этнических конфликтов // Вестник экономики, права и социологии. – №1. – 2015. – С. 206-209.

11 Cante T. Interculturalism: For the Era of Cohesion and Diversity. – Palgrave Macmillan, 2012. – P. 249.

12 Verkuyten M., Yogeewaran K., Adelman L. Intergroup toleration and its implications for culturally diverse societies // Social Issues and Policy Review. – 13(1). – 2019. – P. 5–35.

13 Машанов А.А. Толерантность и межэтническая толерантность / А. А. Машанов // Современные вызовы и психологические ресурсы: колл. монограф. – Ульяновск: Зebra, 2021. – С. 132-161.

14 Hjerem M., Eger M. A., Bohman A., Fors Connolly F. A new approach to the study of tolerance: conceptualizing and measuring acceptance, respect, and appreciation of difference // Social Indicators Research, 2019.

15 Velthuis E., Verkuyten M., Smeekes A. The different faces of social tolerance: conceptualizing and measuring respect and coexistence tolerance // Social Indicators Research, – 158(3). – 2021. – P. 1105–1125.

16 Круглов А.В. Социальная толерантность и социальная нетерпимость: теоретико-методологическая концептуализация // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Социология. Политология. – 20(1). – 2020. – С. 40-42.

- 17 Czepil M., Karpenko O., Revt A., Istomina K. Formation of students' ethnic tolerance in institutions of higher education // *Advanced Education*. – №12. – 2019. – P. 114-119.
- 18 Frølund Thomsen J. P. How does Intergroup Contact Generate Ethnic Tolerance? The Contact Hypothesis in a Scandinavian Context // *Scandinavian Political Studies*. – 35(2). – 2012. – P. 159–178.
- 19 Matthews L., Wilson L. Ethnic tolerance in urban Guyana: a conceptual and empirical analysis // *International Review of Modern Sociology*. – 29(1). – 1999. – P. 55-75.
- 20 Kalin R., Berry J.W. Geographic Mobility and Ethnic Tolerance // *The Journal of Social Psychology*. – 112(1). – 1980. – P. 129–134.
- 21 Хунагов Р., Шаов А., Ляушева С., Нехай В. Традиционные адыгские этностереотипы в дихотомии «межэтническая толерантность / интолерантность» как фактор эволюционного развития этносов на Северном Кавказе // *Центральная Азия и Кавказ*. – 19(№3). – 2016. – С.114-122.
- 22 Breslavs G. Ethnic tolerance scale development: renovation of integrated approach // *Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences*. – №7. – 2014. – P. 579-596.
- 23 Kasara K. Separate and Suspicious: Local Social and Political Context and Ethnic Tolerance in Kenya // *The Journal of Politics*. – 5(4). – 2013. – P. 921–936.
- 24 Neuman W. *Social Research Methods: Qualitative and Quantitative Approaches*. – Pearson, Essex, UK, 2014. – P. 599
- 25 Қазақстандағы этносаясаттың әлеуметтік өлшемдері. Әдістемелік құрал / Нұр-Сұлтан: Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты, 2021. – 31 б.

### *Transliteration*

1 Qazaqstan halqy Assamblejasynuñ 2022-2026 zhyldarға арналған даму tızhyrymdamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2022 zhylygy 15 qyrkujektegi № 1014 Zharlygy. 2-bolim. Agymdagy ahualdy taldau [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan About on Approval of the Concept of Development of the Assembly of People of Kazakhstan for 2022-2026 dated September 2022, 15 No. 1014] [Jelektronnyj resurs]. - Rezhim dostupa: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001014>

2 Chislennost' naselenija Respubliki Kazahstan po otdel'nyh jetnosam na nachalo 2023 goda [The Population of the Republic of Kazakhstan by Individual Ethnic Groups at the Beginning of 2023]. Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan [Jelektronnyj resurs]. - Rezhim dostupa: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/spreadsheets/?year=2022&name=18633&period=&type=>

3 «Kasym-Zhomart Tokaev: Kompaktnoe prozhivanie jetnosov privodit k vozniknoveniju anklavov, jazykovyh bar'еров» [Kassym-Jomart Tokayev: Compact Living of Ethnic Groups Leads to the Emergence of Enclaves, Language Barriers], Azattyk ruhy, 2021 [Jelektronnyj resurs]. - Rezhim dostupa: <https://rus.azattyq-ruhy.kz/politics/29558-kasym-zhomart-tokaev-kompaktnoe-prozhivanie-etnosov-privodit-k-vozniknoveniiu-anklavov-iazzykovykh-barerov> (data obrashhenija 21.10.2021).

4 Ruban A.L. Vlijanie social'nyh setej na mezhjetnicheskie otnoshenija [The Impact of Social Networks on Interethnic Relations] // *Russian Economic Bulletin*. – 2(3). – 2019. – S. 108-111.

5 Schensnovich V.N. Mezhetnicheskie otnoshenija i SMI v Rossii (analiticheskij obzor) [Interethnic Relations and Mass Media in Russia (Analytical Review)] // *Rossija i musul'manskij mir*, 2023. – S. 18-26.

6 Seitzhelieva Z.N. Osobennosti mezhjetnicheskikh otnoshenij v social'nyh setjah [Features of Interethnic Relations in Social Networks] // *Uchenye zapiski. Krymskogo inzhenerno-pedagogicheskogo universiteta*. – 1(7). – 2017. – S. 137 – 139.

7 Ledeneva V.Ju. Otrazhenie problem mezhetnicheskikh otnoshenij v rossijskikh SMI [Reflection of the Problems of Interethnic Relations in the Russian Media] // Evrazijskaja integracija: jekonomika, pravo, politika. – 16(1). – 2022. – S. 128-137. [Jelektronnyj resurs]. - Rezhim dostupa: <https://doi.org/10.22394/2073-2929-2022-01-128-137>

8 «IIM-de eldegi koshi-kon zhardajy turaly ajtyldy»[The Ministry of Internal Affairs told About the Migration Situation in the Country]. Қазақстан Respublikasy Ishki ister ministrliginiñ Koshi-kon qyzmet komiteti [Jelektronnyj resurs]. - Rezhim dostupa: <https://www.gov.kz/memleket/entities/migration/press/news/details/479277?lang=kk> (data obrashhenija 21.12.2022).

9 «Mintrud: 830 tysjach rossijan pribyli v Kazahstan so dnja ob#javlenija mobilizacii [«Ministry of Labor: 830 Thousand Russians Arrived in Kazakhstan from the Day of the Announcement of Mobilization. Previously Stated – 400 thousand»]. Rancee zajavljali – 400 tysjach», Radio Azattyk [Jelektronnyj resurs]. - Rezhim dostupa: <https://rus.azattyq.org/a/32174503.html> (data obrashhenija 13.12.2022).

10 Luchsheva L.V. Sovremennye koncepty prichin jetnicheskikh konfliktov [Modern Concepts of the Causes of Ethnic Conflicts] // Vestnik jekonomiki, prava i sociologii. – №1. – 2015. – S. 206-209.

11 Cante T. Interculturalism: For the Era of Cohesion and Diversity. – Palgrave Macmillan, 2012. – P. 249.

12 Verkuyten M., Yogeewaran K., Adelman L. Intergroup toleration and its implications for culturally diverse societies // Social Issues and Policy Review. – 13(1). – 2019. – P. 5–35.

13 Mashanov A.A. Tolerantnost' i mezhetnicheskaja tolerantnost' [Tolerance and Interethnic Tolerance] / A.A. Mashanov // Sovremennye vyzovy i psihologicheskie resursy: koll. monograf. – Ul'janovsk: Zebra, 2021. – S. 132-161.

14 Hjern M., Eger M. A., Bohman A., Fors Connolly F. A new approach to the study of tolerance: conceptualizing and measuring acceptance, respect, and appreciation of difference // Social Indicators Research, 2019.

15 Velthuis E., Verkuyten M., Smeekes A. The different faces of social tolerance: conceptualizing and measuring respect and coexistence tolerance // Social Indicators Research – 158(3). – 2021. – P. 1105–1125.

16 Kruglov A.V. Social'naja tolerantnost' i social'naja neterpimost': teoretiko-metodologicheskaja konceptualizacija [Social Tolerance and Social Intolerance: Theoretical and Methodological Conceptualization] // Izvestija Saratovskogo universiteta. Novaja serija. Serija Sociologija. Politologija. – 20(1). – 2020. – S. 40-42.

17 Czepil M., Karpenko O., Revt A., Istomina K. Formation of students' ethnic tolerance in institutions of higher education // Advanced Education. – №12. – 2019. – P. 114-119.

18 Frølund Thomsen J. P. How does Intergroup Contact Generate Ethnic Tolerance? The Contact Hypothesis in a Scandinavian Context // Scandinavian Political Studies. – 35(2). – 2012. – P. 159–178.

19 Matthews L., Wilson L. Ethnic tolerance in urban Guyana: a conceptual and empirical analysis // International Review of Modern Sociology. – 29(1). – 1999. – P. 55-75.

20 Kalin R., Berry J. W. Geographic Mobility and Ethnic Tolerance // The Journal of Social Psychology. – 112(1). – 1980. – P. 129–134.

21 Hunagov R., Shaov A., Ljausheva S., Nehaj V. Tradicionnye adygskie jetnostereotipy v dihotomii «mezhetnicheskaja tolerantnost'/intolerantnost'» kak faktor jevoljucionnogo razvitija jetnosov na Severnom Kavkaze [Traditional Adyghe ethnos in the dichotomy «interethnic tolerance/intolerance» as a factor of the evolutionary development of ethnic groups in the North Caucasus] // Central'naja Azija i Kavkaz. – 19(№3). – 2016. – C.114-122.

22 Breslavs G. Ethnic tolerance scale development: renovation of integrated approach // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. – №7. – 2014. – P. 579-596.



23 Kasara K. Separate and Suspicious: Local Social and Political Context and Ethnic Tolerance in Kenya // The Journal of Politics. – 5(4). – 2013. – P. 921–936.

24 Neuman W. Social Research Methods: Qualitative and Quantitative Approaches. – Pearson, Essex, UK, 2014. – P. 599

25 Qazaqstandagy jetnosajasattyn aleumettik olshemderi [Social dimensions of ethnopolitics in Kazakhstan]. Adistemelik qural / Nur-Sultan: Qoldanbaly jetnosajasi zertteuler instituty, 2021. – B. 31.

**Накипбаева Ж.А., Садвокасова А.К.**

### **Методология изучения межэтнической толерантности: опыт и практика Казахстана**

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены методология и дизайн полевого исследования по определению характера толерантности в казахстанском обществе и факторов, влияющих на нее, указаны этапы организации и проведения исследования, описаны основные проблемы, возникающие в полевой работе. Кроме того, в статье было концептуализировано понятие «толерантность», рассмотрены показатели и методы ее измерения в зарубежной практике.

Цель статьи – дать методическое и практическое руководство по организации и проведению полевых исследований специалистам, занимающимся проведением исследований по межнациональным отношениям, преподавателям студентам социо-гуманитарных наук высших учебных заведениях, и специалистам, интересующимся теорией и практикой межэтнической, межкультурной сферы, а также толерантности.

Новизна статьи заключается в том, что в казахстанском научном пространстве впервые открыто представлены методология и дизайн, а также выборка и методы исследования межкультурных отношений. Оригинальность статьи заключается в том, что в ней описан собственный опыт исследователей по разработке методологии, организации и проведению каждого этапа полевого исследования.

**Ключевые слова:** этническая толерантность, полевой этап исследования, дизайн исследования, методология, разнообразие, этнические группы, казахстанцы, нация.

**Nakipbayeva Zh.A., Sadvokassova A.K.**

### **Research Methodology of Interethnic Tolerance: Experience and Practice of Kazakhstan**

**Abstract.** This article discusses the methodology and design of field research to determine the nature of tolerance in Kazakh society and the factors influencing it, indicates the stages of organizing and conducting research, and describes the main problems arising in field work. In addition, the article conceptualized the concept of “tolerance” and examined indicators and methods for measuring it in foreign practice.

The purpose of the article is to provide methodological and practical guidance on organizing and conducting field research for specialists engaged in conducting research on interethnic relations, teachers and students of social sciences and humanities at higher educational institutions, and specialists interested in the theory and practice of the interethnic, intercultural sphere, as well as tolerance.

The novelty of the article lies in the fact that for the first time in the Kazakh scientific space, methodology and design, as well as sampling and methods for studying intercultural relations, are openly presented. The originality of the article lies in the fact that it describes the researchers' own experience in developing methodology, organizing and conducting each stage of field research.

**Keywords:** ethnic tolerance, field stage of research, research design, methodology, diversity, ethnic groups, Kazakhstanis, nation.

## ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУДІ ТАЛДАУДЫҢ САЯСИ-АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ\*

<sup>1</sup>*Насимов Мұрат Өрленбайұлы, <sup>2</sup>Сабитов Алмас Ғазизұлы*

<sup>1</sup>*Қызылорда «Болашақ» университеті (Қызылорда, Қазақстан)*

<sup>2</sup>*Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

<sup>1</sup>*nasimov\_m@mail.ru, <sup>2</sup>almas.sabitov@mail.ru*

<sup>1</sup>*Nassimov Murat, <sup>2</sup>Sabitov Almas*

<sup>1</sup>*Kyzylorda Bolashak University (Kyzylorda, Kazakhstan)*

<sup>2</sup>*International IT University (Almaty, Kazakhstan)*

<sup>1</sup>*nasimov\_m@mail.ru, <sup>2</sup>almas.sabitov@mail.ru*

**Аңдатпа.** Берілген зерттеу жұмысында этникалық бірегейлену тұжырымдамасы және оның күрделі табиғаты қарастырылады. Этникалық бірегейленуге ортақ мұра, өзін-өзі тану, әлеуметтік құрылым, ағымдылық, күрделілік, өзара қиылысу, маңыздылық және ықпалдылық секілді түрлі факторлар әсер етеді. Зерттеу саяси және аксиологиялық тәсілдерді айқындау арқылы этникалық бірегейленуге байланысты мақсат пен міндеттерді түсінуге бағытталған. Саяси тәсілдер билік серпіні, ұлтшылдық және азшылық топтардың құқықтарына назар аударады, ал аксиологиялық тәсілдер этникалық бірегейленумен байланысты құндылықтарға, бірегейлікті қалыптастыруға және этикалық түсініктерге баса назар аударады. Зерттеу саяси ғылымдардағы әдебиеттерді шолу үшін библиометриялық әдісті қолдана отырып, сапалық талдау пайдаланылады. Үрдістер мен заңдылықтарды анықтау үшін мәліметтерді жинау, библиометриялық визуалдау және талдау жүргізілді. Талдау этникалық бірегейлену тақырыбына айтарлықтай қызығушылық бар екенін көрсетті, ал жарияланған мақалалар саны жыл санап артып келеді. Мақалада 2019-2023 жылдар аралығында жарияланған зерттеулердің негізгі нәтижелері мен үлестері көрсетілген жан-жақты шолу беріледі. Зерттеу әділетті қоғам құру үшін этникалық бірегейленуді түсінудің өзектілігін көрсетеді, саяси және аксиологиялық тәсілдер оның күрделілігі мен салдары туралы құнды ақпарат береді деп болжайды.

**Түйін сөздер:** бірегейлік, этникалық бірегейлену, құндылықтар, этникалық топ, ұлтшылдық, саяси қатысу, тәжірибе.

---

\* Берілген мақала «Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі этникалық азшылықтардың этникалық бірегейлену үдерістерін кросс-мәдени және аксиологиялық талдау» ғылыми жобасы аясында дайындалып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. Грант AP19677146

### *Кіріспе*

Этникалық бірегейлену жеке адамдар, топтардың белгілі бір этникалық, мәдени топқа жататындығын анықтау және білдіру процесі болып табылады. Бұл ортақ мұра, дәстүр, әдет-ғұрып, тіл және ортақ тарихи бастауды тану және оған жатуды білдіреді. Этникалық бірегейлену шығу тегі, отбасы тәрбиесі, мәдени тәжірибе, географиялық орны және әлеуметтік ықпалдар секілді түрлі факторлар әсер ететін күрделі ұғым. Бұл өзін-өзі тану мен сыртқы жіктеулер әсер етуі ықтимал субъективті және жеке тәжірибе. Этникалық бірегейленуді түсінудің бірнеше түйінді тұжырымдамалары осы зерттеу жұмысының гипотезасын құрайды:

(1) ортақ мұра [1]: этникалық бірегейлену көбінесе тарих, шығу тегі және мәдени дәстүрлер туралы ортақ түсінікті қамтиды. Этникалық бірегейлену белгілі бір этникалық топқа тән тіл, дін, тағамдар, киім үлгілері, музыка және өнер түрлері секілді элементтерді қамтуы мүмкін;

(2) өзін-өзі тану [2]: этникалық бірегейлену жеке және субъективті процесс. Азаматтардың өзін-өзі қабылдауы, тәжірибесі және белгілі бір мәдени ортамен байланысына негізделген бір, бірнеше этникалық топтармен бірегейленуді таңдауы мүмкін. Өзін-өзі тану азаматтарға дербес этникалық бірегейлігін өз түсінігіне сәйкес жұрттың қабылдауына мүмкіндік береді;

(3) әлеуметтік құрылым [3]: этникалық бірегейленуге әлеуметтік және мәдени нормалар да әсер етеді. Сыртқы қабылдау, әлеуметтік үміттер және өзге ұлт өкілдерінің келбеті, мәдени әдет-ғұрыптары, аймақтық байланысы негізінде әлеуметтік құрылымды жіктеуге болады. Қоғам мүшелерінің көзқарастары, соқыр сенімі мен стереотиптері азаматтардың этникалық бірегейленуіне әсер етуі ықтимал;

(4) ағымдылық және күрделілік [4]: этникалық бірегейлену тұрақты құбылыс емес. Этникалық бірегейлену уақыт өте келе дамып, өзгеруі мүмкін. Өйткені азаматтар түрлі мәдени орта және қауымдастықтармен өзара әрекеттеседі. Кейбір адамдар өздерінің мәдени мұраларын дәйектеген уақытта қуатты этникалық бірегейлену сезімін дамыта алады;

(5) өзара қиылысу [5]: этникалық бірегейлену нәсіл, ұлт, жыныс, дін, әлеуметтік-экономикалық мәртебе секілді бірегейліктің басқа аспектілерімен қиылысуы мүмкін. Осы қиылысатын сәйкестіктер жеке тәжірибе, көзқарастар және оларды қоғамның қабылдауын қалыптастыра алады;

(6) маңыздылығы мен ықпалы [6]: этникалық бірегейлену адамның тиесілік сезімі, мәдени бірегейлігі және әлеуметтік байланыстарын қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады. Әлеуметтік қатынастар, мәдени тәжірибе, саяси қатысу және ресурстарға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін. Этникалық бірегейлену түрлі мәдениеттерді дәріптеу арқылы қоғамның алуандылығына ықпал ете алады.

Этникалық бірегейлену жеке адамның көзқарасына сәйкес қалыптасатынын мойындау керек және азаматтар өздерінің жеке басына

қатысты ерекше тәжірибе мен көзқарастар иеленетіндігін ескеруіміз қажет. Жеке тұлғаның өзін-өзі тануын құрметтеу және ілгерілету игілікті қоғам құру үшін маңызды.

Этникалық бірегейленуді талдау кезінде саяси және аксиологиялық тұрғыдан қарастыруға болатын түрлі тәсілдер мен ерекшеліктер бар. Осы тәсілдердің әрқайсысын және олардың негізгі ерекшеліктерін қарастырайық:

Саяси тәсілдер:

(1) билік серпіні [7]: саяси тәсілдер этникалық бірегейленудің қоғамдағы билік серпініне әсерін зерттейді. Ресурстар, мүмкіндіктер және құқықтары шектелген азшылық топтарға басым этникалық топтар жүргізетін бақылауларды дәйектейді. Сонымен қатар, этникалық бірегейленуге саяси институттар, саясат пен идеологиялардың әсерін зерттеуді қамтиды;

(2) ұлтшылдық және этноұлтшылдық [8]: саяси тәсілдер этникалық бірегейлену мен ұлтшылдықтың арақатынасын зерттейді. Тәсіл этникалық бірегейлікті ұлтшылдық мақсаттарға, оның ішінде этникалық белгілерге негізделген ұлттық мемлекеттерді құру бағыттарының жұмылдырылуы мен саясиландыруын талдайды. Этноұлтшылдық саяси идеологиялар, аймақтық даулар, сепаратистік қозғалыстар мен шиеленістерге әсер етуі мүмкін;

(3) азшылық топтардың құқықтары және мәдениеттер алуандығы [9]: саяси тәсілдер азшылықтардың құқықтарын қорғаудың және мультимәдениеттілікті ынталандырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Тәсіл түрлі этникалық бірегейлікті құрметтейтін және қабылдайтын қоғам құруды қолдайды. Бұл мақсатта тілдік құқықтар, мәдениетті сақтау, жағымды әрекет, өкілдік және мәдениетаралық диалогқа қатысты саясат пен тәжірибелерді талдауды қамтиды.

Аксиологиялық тәсілдер:

(1) құндылықтар мен нанымдар [10]: аксиологиялық тәсілдер этникалық бірегейленумен байланысты құндылықтар, нанымдар және нормаларға бағытталған. Тәсіл мәдени, діни және моральдық құндылықтардың этникалық бірегейлікті қалыптастыруға және мәдени әдет-ғұрыптарды көрсетуге қалай әсер ететінін зерттейді. Бұл құндылықтарды түсіну жеке адамдар мен қауымдастық үшін этникалық бірегейленудің мәнін талдауға көмектеседі;

(2) бірегейлікті қалыптастыру және өзін-өзі таныту [11]: аксиологиялық тәсілдер этникалық бірегейленуді өзін-өзі көрсету және сәйкестендіру құралы ретінде қарастырады. Тәсіл азаматтардың өз этникалық тобына тиістілік, мақтаныш және байланыстылық сезімінің дамуын зерттейді. Бұл ұжымдық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал ететін мәдени рәміздер, ырымдар мен ортақ тәжірибелерді зерттеуді қамтиды;

(3) этикалық түсініктер [12]: аксиологиялық тәсілдер этникалық бірегейленуге қатысты этикалық сұрақтарды тудырады. Тәсіл кемсі-тушілік, жалған сенім, стереотиптер және этникалық ерекшеліктерге негізделген маргиналдану мүмкіндігі мәселелерін талдайды. Бұл тәсілдер түрлі этникалық топтар арасындағы төзімділік, сыйластық және өзара түсіністікті ынталандырады.


Саяси және аксиологиялық тәсілдер этникалық бірегейленуді талдауға ықпал ете алады және күрделілігі мен салдарын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Билік серпіні, ұлтшылдық, азшылық топ құқықтары, құндылықтар, нанымдар және бірегейлікті қалыптастыруға қарай отырып, зерттеушілер мен саясаткерлер этникалық бірегейленудің саяси, әлеуметтік және мәдени өлшемдері туралы түсінікке ие болып, әділетті қоғамның дамуына үлес қоса алады. Сондықтан беріліп отырған зерттеу жұмысының өзектілігінде күмән жоқ деп ойлаймыз.

### Зерттеу әдіснамасы

Осы зерттеу аясында біз саяси ғылымдар бойынша әдебиеттерге шолу жасау негізінде этникалық бірегейленуді талдаудың көріністерін анықтау үшін библиометриялық әдіс арқылы сапалық талдауды таңдадық. Аталмыш тәсіл репрезентативті кілт сөздердің кездесу жиілігін және олардың арасындағы байланыстарды талдау арқылы қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін ашты. Бұл талдау әдісі зерттеу нысанының мазмұны туралы нақты түсінік береді. Зерттеу жұмысы үш кезеңді қамтыды: мәліметтерді жинау, библиометриялық визуалдау және библиометриялық талдау.

Деректерді іздеу Web of Science Core Collection базасын пайдалану арқылы жүзеге асырылды (12.07.2023). Басты түйін сөз ретінде «ethnic identification» ұғымы алынды. Базадан анықталғандай, 1975-2023 жылдары жарияланған мақалалар саны 877 ғылыми мақаланы құрады. Бұл зерттеу тақырыбына қызығушылықтың жоғары екендігін көрсетеді. Деректер анықталғаннан кейін сапалық талдауға тән мәселелер библиометриялық талдау арқылы өңделді. Осы кезеңде авторлар Web of Science Core Collection базасындағы ғылымдар саласы бойынша мақалаларды өңдеді (Сурет 1).

Сурет 1. Ғылымдар саласы бойынша мақалалар саны




Дереккөз: Web of Science Core Collection, 2023 жылдың 12 шілдесіндегі көрсеткіш

Сурет 1 көрсетіп тұрғандай, әлеуметтік психология (барлық мақалалар санының 16,876% құрайды), әлеуметтану (16,192%) және этникалық зерттеулер (10,832%) бойынша ғылыми мақалалар саны көп. Сонымен қатар, суретте көрсетілмеген ғылым салаларындағы жарияланым санына мән бердік: даму психологиясы (35 мақала; барлық мақалалар санының 3.991% құрайды); психиатрия (34; 3,877%); тарих (32; 3,649%); аймақтану (27; 3,079%); білім беру саласындағы зерттеулер (24; 2,737%); антропология (23; 2,623%); алкогольді немесе есірткіні теріс пайдалану (22; 2,509%); клиникалық психология (20; 2,281%); тіл білімі (19; 2,166%); дін (19; 2,166%); әлеуметтік жұмыс (18; 2,052%); экономика (17; 1,938%); психология (17; 1,938%); халықаралық қатынастар (16; 1,824%) және отбасын зерттеу (15; 1,710%).

Нәтижесінде саяси ғылымдар бойынша жарияланған мақалаларды жүйеледік (58 мақала; барлық мақалалар санының 6.613% құрайды). Талданатын мақалалар санын қысқарту мақсатында базаның өзегін құрайтын (core collection) төрт негізгі дерекқорға назар аудардық. Библиометриялық талдаудың іріктеу барысында Social Sciences Citation Index дерекқорында индекстелген мақалаларға басымдық бердік және сүзгіден өткізілген 51 мақаланы таңдадық. Әрине, осы мақала шеңберінде барлық материалдарды талдау мүмкін еместігін түсініп, 2019-2023 жылдары жарияланған зерттеулерге мән беруді жөн санадық. Соңғы 5 жылда мәселе бойынша 18 мақала жарияланған: (2019 ж. – 4 (1 мақала журнал сайтына ерте қойылған және 2021 жылғы нөмірге жарияланған); 2020 ж. – 3 (1 мақала журнал сайтына ерте қойылған және 2021 жылғы нөмірге жарияланған); 2021 ж. – 6 (5 мақала журнал сайтына ерте қойылған және 2022 жылғы нөмірге жарияланған; 1 мақалада кілт сөз сәйкес келгенімен, зерттеу мәселесіне қатысы жоқ); 2022 ж. – 3; 2023 ж. – 2 (Сурет 2). Бірнеше мақалалар «Early Access» форматында екенін ескерткіміз келеді.

Сурет 2. Этникалық бірегейленуге қатысты саяси ғылымдар бойынша жарияланған және сілтеме жасалған мақалалар саны (2019-2023)



Дереккөз: Web of Science Core Collection, 2023 жылдың 12 шілдесіндегі көрсеткіш




Авторлар шетелдік журналдарда жарияланған зерттеулерді талдау барысында диалектикалық, салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-функционалдық, дедуктивті және индуктивті әдістерге мән берді. Заманауи диалектикалық тұжырымдар синтез арқылы туындаған қайшылықтарды шешеді. Диалектика барлық құбылыстарды қозғалыс, мәңгілік өзгеріс процесінде қарастыратындықтан бұл әдіс арқылы авторлар мәселе бойынша өзгерістерді дәйектеді. Салыстырмалы-тарихи әдіс этникалық бірегейленудің генезисін айқындады. Құрылымдық-функционалдық әдіс этникалық бірегейленуді қамтамасыз етуге ықпал ететін әрекеттердің өзара байланысын анықтады. Мәселе бойынша теориялар байланысын тексеру және деректер нәтижелерін пайдалану үшін дедуктивті әдіс қолданылды. Бұл әдісті қолдану логикалық дәлелдер құруға және сыни талдауға мүмкіндік берді. Индуктивті әдіс зерттеушілерге тақырып мәнінің кеңдігіне байланысты көптеген салаларды қамтуға көмектесіп, терең түсінуге ықпал жасады. Өйткені бұл әдіс арқылы мәселе құрылымдарының заңдылықтарын табуға бағытталған деректерді жинауға, зерттеуге және талдауға болады.

### ***Web of Science Core Collection базасындағы жарияланымдар көрсеткіштеріне сипаттама***

Жоғарыда атап өткеніміздей, «ethnic identification» түйін сөзі бойынша мақаланың атауы, аңдатпасы, кілт сөздері, толық мазмұнына сәйкес Web of Science Core Collection базасынан 877 мақала анықталды (Сурет 3).

Сурет 3. Этникалық бірегейлену бойынша жарияланған және сілтеме жасалған мақалалар саны (1975-2023)



Дереккөз: Web of Science Core Collection, 2023 жылдың 12 шілдесіндегі көрсеткіш

Сурет 3 зерттеу нысанына қызығушылық артқанын көрсетеді. 1975 жылы «этникалық бірегейлену» тақырыбы бойынша небәрі 3 ғылыми мақала жазылды. Ең жоғары өсім 2021 жылы байқалады – 64 мақала. Бұл көрсеткіш 2022 жылы 49 мақалаға төмендеп кеткен. Дегенмен, жарияланған мақалаларға сілтеме көп берілетіндігі байқалады. Мәселен, осы уақытқа дейін жалпы 21 046 сілтеме жасалса, оның ішінде 20 307 мақалада өзіне сілтеме (without self-citations) жасалмаған.

Саяси ғылымдарда «этникалық бірегейлену» тақырыбы бойынша ең алғашқы мақалалар 1995 жылы жариялана бастады (1995 жылы жалпы 10 мақала жарияланды және оның ішінде 2 мақала саяси ғылымдарға қатысты). J.S. Legge [13] зерттеуінде еврей либерализмінің әлеуметтік-экономикалық, діни және қауымдық өмір гипотезасы сынды үш бәсекелес түсіндірмесіне назар аударылады. Ғалым сызықтық құрылымдық қатынастар (linear structural relations) талдауы арқылы саяси-аксиологиялық тәсілдерді қалыптастырады. Зерттеуде анықталып отырғандай, діни және қауымдастық өмірінің айнымалылары либерализмді түсіндіруде әлеуметтік-экономикалық айнымалыларға қарағанда ықпалды фактор болып табылады. Зерттеушінің пайымдауынша, қауымдық өмірдің беймәлім айнымалысы ретінде өлшенетін еврей халқының этникалық бірегейленуі либерализмге теріс әсер еткенімен, оның діни тәжірибемен байланысы оң ықпал жасайды. Демек, әрбір қауымдастық өзін-өзі тану, өзгешелік пен этникалық мақтаныш сезімін сақтауда қоғам алдындағы міндеттемелерді ынталандыратын дінмен байланысты болуы ықтимал. Осы этникалық бірегейленуді түсіну либерализмді ұғынуға тырысу үшін өте маңызды деуге негіз береді.

1995 жылы жарияланған екінші мақалада R. Grafstein [14] топтық айырмашылықтар көбінесе саяси жұмылдырудың күшеюімен байланысты екендігін баяндайды. Зерттеушінің пікірінше, топтық бірегейленудің ерекшелігі оның икемділігі және оппортунистігімен байланысты. Сондықтан икемділік пен оппортунистік мінез-құлықтың өзара тәуелділік тұрғысында топтық бірегейленуді модельдеуге болады. Осы бірегейленуде қоғам мүшелерінің жеке шешімдері топтың басқа мүшелерінің мінез-құлқы туралы ұтымды сәйкестендіргіштерді көрсете алады.

Жоғарыда аталғандай, Social Sciences Citation Index дерекқорында саяси ғылымдар бойынша 1995-2023 жылдары индекстелген 51 мақала ішінде ең көбі 2021 жылы жарияланған (6 мақала). Бұл мақалаларды келесі бөлімде толық талдайтын боламыз. Назар аударарлық жәйт, 1996 (өзге ғылымдар бойынша жарияланған мақалалар саны – 13), 1998 (5), 1999 (11), 2001 (15), 2003 (15), 2011 (35) жылдарда этникалық бірегейлік бойынша мақалалар жарияланбаған.

**2019-2023 жылдары жарияланған мақалалар сипаттамасы**

G. Nair және N. Sambanis [15] зерттеуінде Кашмирден алынған дәлелдер негізінде шеттетілетін азшылықтардың мемлекет, этникалық топ және көрші елдермен бірегейленуге әкелетін жағдайлары қарастырылады. Ғалымдар сепаратизм мен ирредентизмді зерттеуде зорлық-зомбылық, психологиялық қашықтық пен ұлттық мәртебенің бірегейленуді қалай анықтайтынын талдайды. Авторлар тұжырымдарынан қуатты ұлттық бірегейлік ирредентизмге қарсы тепе-теңдік екенін байқаймыз. Дегенмен, мемлекет тарапынан жасалатын зорлық-зомбылыққа толы қуғын-сүргін азшылық өкілдерін көрші елдермен бірегейленуге итермелеуі мүмкін. Сондықтан зорлық-зомбылық ұлттан алыстауды арттырады және ұлттық бірегейленуді төмендетеді деген пікірмен толық келісеміз.

1980 жылдан бастап АҚШ Конгресіндегі қызметке үміткер әйелдердің саны күрт өсті. Әйел кандидаттар туралы бұрынғы зерттеулерде олардың неліктен үміткерлер ретінде қатысатындығы қарастырылған болатын. Бірақ, әйелдердің нәсілі мен этникалық бірегейленуіне байланысты кездесетін түрлі қиындықтары мен басымдықтары осы уақытқа дейін талданбаған [16]. Жыныстық және бірегейленуге негізделген кемсітушілік түрлі жолдармен көрінетіндігін және елге байланысты түрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Әрине, біздің елімізде әйел-кандидаттардың ұлттық, нәсілдік және этникалық бірегейленуіне негізделген мәселелер жоқ. Саяси өкілдік үшін кемсітілмейтін ортаның болуы теңдікті ілгерілету және шешім қабылдау процестерінде түрлі көзқарастардың ұсынылуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Біздің елімізде әйел-кандидаттарға қатысты мәселе туындамаса да, кемсітушіліктің басқа түрлері, гендерлік және бірегейленуге қатысты проблемалар жоқ деп айта алмаймыз. Жынысы, нәсілі, этникалық және басқа да тиесілігіне қарамастан барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктер мен құқықтарды алға жылжытуды және қорғауды жалғастыру маңызды. Бұл нәтижеге құрмет пен теңдік мәдениетін қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады. Кемсітушілікпен белсенді түрде күресу арқылы қоғам мүшелеріне әділетті саяси орта құра аламыз.

Қытайлық көмек және жергілікті этникалық бірегейлену мәселесі талданған зерттеуде соңғы эмпирикалық дәлелдердің Қытайды дамытуға бағытталған қаржыландыру элита мүддесі мен қамқорлық шығындарына бейімділігін көрсетті [17]. Осы берілетін қаржыландыру белгілі бір жалғыз жергілікті этно-аймақтық бірлестікке берілсе, этникалық наразылықтарды күшейтіп, этникалық жұмылдыруға ықпал етуі мүмкін. Бұл мәселені шешудің екі тетігін ұсынуға болады: көмек болып табылатын ресурстар ағыны үшін бәсекелестік этникалық бірегейленуді барлық бағытта жұмылдыруы мүмкін; этникалық бейімділікке байланысты көмекті

қабылдау әлеуметтік аз қамтылған топтарда этникалық бірегейлікті көбірек көрсетуі мүмкін. Сондықтан халыққа қандай да бір көмек жасалса оның өзгелерге ықпалын қарастырудың маңыздылығы байқалады.

N. Sambanis, S. Skaperdas және W. Wohlforth [18] сыртқы саяси килігудің этникалық ауытқулармен әрекеттестігі, бүлік пен азаматтық соғысты тудыру себептерін зерттейді. Ғалымдар мәселе үлгісін Украина мысалдарымен көрсетеді. Біздің ойымызша, этникалық ауытқулар демографиялық сипаттамалар мен топаралық айырмашылықтар нәтижесінде құндылықтар бойынша іштей туындаған мәселе болып табылады. Бұл әрекеттестікке халықаралық саясат қағидалары да ықпал жасауы мүмкін. Өзге елдердің басқа елдерге себепсіз саяси килігуі этникалық бірегейлену арқылы азаматтық соғыс тудыруы ықтимал. Әсіресе, түрлі топтардың өкілі болып табылатын жергілікті белгілі тұлғаларды шетелдік демеушілердің өз мақсаттарына табанды түрде жетуге ынталандыруынан сақтану қажет. Бұл этникалық бірегейлікте көрінетін ауытқуларды тудырады.

Америкалық ғалымдар E. Lieberman және A. Miller [19] онлайн-газеттер бөлінген қоғамдағы ұлттық құрылысқа келтіретін көмегі мен нұқсанын талдайды. Зерттеушілер аталмыш мәселені Африканың ең үлкен елі Нигерияның этникалық деңгейінде көрсетеді. Жалпы ұлттық құрылысты зерттеуде іргелі үлес газеттердің ұлттық өзін-өзі тануды дамытудағы рөлін айтуымызға болады. Желідегі жаңалықтар сайттарында оқырман пікірлеріне арналған форумдар болғандықтан, осы медиа контентке қолжетімділік азаматтардың көңіл-күйін бағалауға мүмкіндік береді. Авторлар 35 000-нан астам жаңалықтар мақаласы мен 300 000 пікірді талдағаннан кейін желі қолданушылары түрлі оқиғаларға жауап ретінде ұлттық жақтырмауға бағытталған пікірлер көп жазылатындығы анықтаған. Демек, тақырыптарда белгілі бір этникалық категорияларды пайдалану кем дегенде бір оқырманның этникалық бірегейленуіне байланысты пікір білдіру ықтималдығын ұлғайтады. Сондықтан этникалық бірегейлену бойынша араздықты күшейтетін газеттер ұлттық құрылыс ісіне кедергі келтіруі мүмкін.

Постсоциалистік ауысу және шиеленістен кейінгі әлем құрылысы жобалары аясында жастардың саяси субъективтілігінің қалыптасуын қарастыруға болады [20]. Бұл мақалада Сараеводағы (Босния және Герцеговина) жастар субмәдениетіне сүйене отырып, болашақтағы ұлтшылдық көзқарастар, бөліну геосаясаты және этникалық бірегейлену ұғымының хип-хоп жұртшылығында геосаяси міндеттемелер арқылы жүзеге асыру жолдары зерттеледі. Расында да күнделікті геосаяси шынайылық жастар өмірін ғылыми тұрғыдан түсінуге пайдасын тигізеді. Бұл ретте жастардың үстем саяси институттардан бас тартып, саясатты дұрыс түсінбеуін ғылыми негіздеу қажет екендігін айтқымыз келеді. Жастардың күнделікті әрекеттеріндегі бейсаяси құндылық көріністері қоғамның өзара

әрекеттестігіне ықпал етіп, саяси қатысудың жағымсыз жағын түбегейлі өзгертеді.

Этнографиялық зерттеулерге сүйенген М. Pratsinakis [21] бұрынғы Кеңес Одағынан келген гректердің этникалық отанына қоныс аударғаннан кейін өз бірегейлігін өзгертудің себептері мен процестерін зерттейді. Зерттеуге қатысқан респонденттер жергілікті гректердің оларға ұлттық бірегейлікке қатысты мәселелерді бекітетінін айтқан. Бұл қоныс аударғандардың грек ұлтына жататынын ескерту үшін жасалатын секілді. Дегенмен, этникалық оралу барысында кез келген мигрант өзіне қолжетімді этникалық нұсқаларды тандайды және қалаған сәйкестігін растайды деп ойлаймыз. Өйткені этникалық бірегейлену күштеп жүзеге асырылатын процесс емес.

Этникалық айырмашылықтарды тереңдету мен азайтудың Кениядағы қалалық миграцияға ықпалын талдау көші-қонның этникалық саясатқа әсерін дәйектей алады [22]. Жаңғырту теориялары алғашында қалалық көші-қон этникалық бірегейленуді азайтып, топтар арасындағы сенімді арттырады деген болжам жасады. Жаңғырту теорияларының келесі идеяларында қалалық көші-қон этникалық бірегейленуді күшейтіп, сенімді азайтатындығы дәлелденді. Осы бәсекелес болжамдарды негізге алған ғалымдар 8000-нан астам кениялықтардан үш толқынды панельдік сауалнама жүргізіп, қалалық көші-қонның әсері туралы жаңа деректер ұсынды. Нәтижесінде қалалық көші-қон этникалық бірегейленуді төмендететіндігі дәлелденіп, көші-қоннан кейін адам үшін ұлттың маңыздылығы болмайды. Демек, бұл процесс этникалық топтар арасындағы сенім және адамдарға деген сенімді азайтады.

Е. Gadjanova [23] зерттеуінде Африкадағы бәсекелес сайлау алдында этникалық бірегейленудің өсуі ұлттық ынтымақтастықпен байланыстылығы зерделенеді. Аталмыш мәселе бәсекелестік туындатқан сайлаудың этникалық байланысының теріс көріністері болып табылатын этникалық фаворитизм мен басқа топтардан әлеуметтік алшақтықты күшейтуін анықтауда маңызды деп ойлаймыз. Өйткені этникалық бірегейленудің өсуі демократиялық елдердегі көптеген мәселелерді туындатады. Ұлттық сұрақ туындаған сайлауда этникалық топ мәртебесіне қатысты мәселелер мен кемсітушілік туындайтыны анық. Біздің ойымызша, саяси бәсекелестік күшейген сайын ұлттық бірегейлік этникалық бірегейленумен салыстырғанда өзінің маңыздылығын жоғалтады. Бұл этникалық кемсітушілікті қабылдау мен мәртебелік алаңдаушылықтың жоғарылауы, ұлттық сайлауға этносаралық және жалпыға ортақ сенім деңгейінің төмендеуімен қатар жүреді деп ойлаймыз.

Бұрынғы зерттеулерде көрсетілгендей, латынамерикалықтар ара-сындағы құжатсыз иммигранттармен әлеуметтік байланыстардың көптеген шектеулері саяси белсенділікті арттыруы ықтимал [24]. Бұл осы шектеулерге қарамастан, саяси қатысудың белсенділігі себептерін анықтауда қызығушылық тудырады. Біздің ойымызша, қуатты этникалық бірегейлену саяси наразылықтарға

қатысу ықтималдығын жоғарылатады, ал этникалық бірегейленудің әлсіздігі қатысудан бас тартады. Демек, әлеуметтік байланыстар саяси белсенділікке қарсылық кедергісін жояды және саяси қатысу шектеулерін еңсеру үшін бірегейлену ресурстарын пайдалануға болады деуге негіз бар.

